

ПІКІРСАЙСЫҚА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУЛЫҚ

Кіріспе

1-тарау: Қайсысы маңызды: құндылық пен қағида ма әлде білім мен дағды ма?

1.1 Пікірсайыстың қоғам мен мемлекет үшін маңызы

1.2 Пікірсайыс тәрбие құралы ретінде: құндылықтар мен қағидалар

1.3 Пікірсайыс технологиясы және азаматтық қоғам

2-тарау: Пікірсайыс клубы: алаң, қауымдастық және қозғалыс

2.1 Пікірсайыс клубын құрудың мақсаты

- Пікірсайыс клубының мәні мен мақсаттарын түсіну.
- Пікірсайыс клубы: еркін ой алаңы, бірге дамитын қауымдастық және бұқаралық қозғалыс

2.2 Пікірсайыс клубын ұйымдастыру аспектілері

- Ұйымдастырушы-жетекшінің рөлі: негізгі аспектілер мен міндеттері
- Клубта ашық және жайлы ортаны қалыптастыру
- Пікірсайыс клубының қатысушылары мен мүшелері
- Пікірсайыс клубтары арасындағы байланыс орнату

2.3 Пікірсайысшыларға арналған практикалық сабақтар

- Клуб мүшелерінің дағдыларын дамыту және ынталандыру
- Дағдыларды дамытуға бағытталған ойындар, жаттығулар және воркшоптар
- Мақсат қою және есеп беру жиналыстары: жетістіктерді бағалау жүйесінің маңызы

3-тарау: Дүниежүзілік мектеп форматы (WSDF)

3.1 Дүниежүзілік мектеп пікірсайыс форматы (WSDF): ережелер мен жалпы мәліметтер

3.2 Пікірсайыс форматтарының салыстырмалы кестесі

Қорытынды

Кіріспе

Қазақстандағы пікірсайыс технологиясының қалыптасқанына да отыз жылдай болып қалды. Осы уақыт ішінде оқу-тәрбие ісіне зор пайдасын тигізіп, тиімділігін дәлелдеді.

Алғашқы жылдары Қазақстандағы пікірсайыс қозғалысының дамуына негізінен халықаралық қорлар қолдау көрсетті. Ал қазір, әсіресе мектептерде, пікірсайыс мемлекет монополиясының шеңберінде жүргізіліп жатыр. Бұл, бір жағынан, пікірсайыстың жүйелі және жан-жақты дамуына серпін берді. Елдің барлық дерлік мектептерінде пікірсайысқа жауапты мұғалімдер тағайындалды. Сондай-ақ жетекшілер мен оқушыларға арналған орталықтандырылған оқыту жұмыстары жүргізілуде.

Пікірсайыс тек аналитикалық ойлау, шешендік өнер және жаңа білім ғана емес, бұл ең алдымен – құндылықтар мен қағидалар. Әл-Фараби айтқандай, **«Тәрбиесіз білім – адамзаттың қас жауы»**. Яғни пікірсайыс клубтары өз жұмысында тек пікірсайыс форматтарын техникалық тұрғыда оқытумен шектелмей, жеке тұлғаны, елдің болашақ азаматы және қоғамның мүшесін тәрбиелеуге баса назар аударуы керек.

Соңғы 25 жылда халық саны туу есебінен өсіп келе жатқан ел үшін, жас ұрпақтың білімділігіне ғана емес, моральдық-этикалық қасиеттеріне де назар аудару өте маңызды.

Әдістемелік құралдың басты мақсаты – пікірсайыс клубтарының жұмысын тәрбиелік функцияны назарға алып, оқушыларды нақты қамтуды арттыра отырып қайта құруға көмектесу.

Әдістемелік құралда азаматтық, демократия, толеранттық, гуманизм, жауапкершілік, патриотизм, этика секілді қоғам құндылықтарын балаларға түсіндіруге арналған көрнекі мысалдар мен жаттығулар жинақталған.

Пікірсайыс клубы элитарлы, жабық болмауы керек. Керісінше саналы орта құратын ашық алаңға айналуы қажет.

Қатысушылардың барлығы жарқын көшбасшы бола алмауы мүмкін. Алайда олардың біразы кем дегенде саяси сауатын арттырып, әлеуметтік жауапкершілік жайлы түсінік қалыптастырады. Ұсынылып отырған нұсқаулықтан пікірсайыс клубын балалар үшін қолжетімді әрі қызықты етуге жәрдемдесетін әдістерді табуға болады.

Сондай-ақ әдістемелік құралда қазір әлем және Еуропа чемпионаттары өткізіліп жатқан дүниежүзілік мектеп пікірсайыс форматының (WSDF) ережелері келтірілген. Бұл формат топтық жұмыс пен жеке сөйлеуді теңеріп, сыни ойлауды, шешендік дағдыларды және аргументтерді үйлесімді түрде

біріктіреді. Оның үстіне WSDF пікірсайысқа жаңадан кіріскен балаларға үшін оңай әрі ыңғайлы. Бұл пікірсайыс қозғалысының жаппай таралуы үшін маңызды. Пікірсайыс клубына қызығып, алғаш келген балалардың көбі АПФ, БПФ секілді форматтардың күрделі болуына байланысты пікірсайысты тастап кетіп жатады. Бірінші жылы оқыту барысында балалар тек осы формат бойынша ойнап, содан кейін күрделірек форматтарға көшкені маңызды. Төменде осы форматтың негізгі қағидаттары мен балаларды оқытуға арналған ұсыныстар берілген.

1 тарау. Қайсысы маңызды: құндылық пен қағида ма әлде білім мен дағды ма?

1.1 Пікірсайыстың қоғам мен мемлекет үшін маңызы

Пікірсайыс технологиясы, жалпы алғанда, мемлекетпен қатар, қоғамның даму жолында да маңызды рөлге ие. Ол өз кезегінде демократиялық қағидалардың нығаюына, азаматтық білімнің жақсарып, жауапты және белсенді азаматтық позицияның қалыптасуына ықпал етеді.

Біздің ойымызша, балаларды қоғамның бір мүшесі етіп, олардың азамат ретінде және әлеуметтік рөлдерін (*ұлы/қызы, ата-анасы, ағасы/әпкесі, ері немесе зайыбы және т.б.*) қалыптастыратын негізгі принциптері мен құндылықтарын үйрету – тек пікірсайыстың дағдылары мен техникасын үйретуден әлдеқайда маңыздырақ.

Әлихан Бөкейхан айтқандай: «Ұлтқа қызмет ету – білімнен емес, мінезден».

Пікірсайыс балалардың бойындағы азаматтық қасиеттерді қалыптастырып қана қоймай, олардың қоғамдық өмірге белсенді қатысуында да шешуші рөл атқара алады. Осы ретте балаларға пікірсайыс дағдыларын үйрету ғана емес, сонымен қатар саналы азаматтықты, жауапкершілікті және төзімділікті де дамыту маңызды. Басқаның пікірін құрметтеу және қоғамдық талқылауларға белсене қатысу сияқты жоғарыда көрсетілген қағидалар мен құндылықтар болашақ көшбасшылар мен қоғамның толыққанды мүшелерін қалыптастырудың негізі бола алады.

Құндылықтар:

Демократиялық құндылықтар – әрбір адамның құқықтары мен бостандығын құрметтеу, заң алдындағы теңдік, азаматтардың мемлекеттік басқаруға қатысуы, сондай-ақ билік органдарының ашықтығы мен есеп беруі.

Адамгершілік құндылықтар – ізгілік пен зұлымдық, әділдік пен әділетсіздік ұғымдарына негізделген адалдық, туралық, жауапкершілік пен өзгелерді құрметтеу сынды мінез-құлық қағидалары мен нормалары.

Гуманистік құндылықтар – әр адамның қадір-қасиеті мен ерекшелігі, оның құқықтары мен бостандығына деген құрмет, мейірімділік, жанашырлық, ынтымақтастық және бір-біріне көмектесу.

Толеранттылық – басқа пікірлерді құрметтеу, әрбір адамның пікір білдіру құқығына шүбә келтірмеу және әртүрлі көзқарастың

Әділдік – басқа адамдармен қарым-қатынаста шындық пен әділдікке ұмтылу.

Отаншылдық – өз Отанына, халқы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік адалдық, оны қорғауға дайын болу мен елінің көркейіп-гүлденуіне үлес қосу.

Қағидалары:

Адамгершілік – жанашырлық пен эмпатия: басқаларды түсіну және оларға көмектесуге ұмтылу.

Адалдық – бұл басқа адамдармен қарым-қатынас барысында адал әрі шынайы болу және туралықты ұстану. Сонымен қатар уәдеде тұру, ашық әрі әділ болу да осы қағидаға тән.

Әділдік – бұл барлық адамға тең және бейтарап қатынас жасауға, тең мүмкіндіктер мен құқықтарды қамтамасыз етуге, сондай-ақ шешімдерді шындық пен объективтілік негізінде қабылдауға ұмтылу.

Азаматтық – қоғам алдындағы міндеттерін түсіну және қоғамдық өмірге араласуға дайын болу.

Әртүрлілікті қабылдау – мәдени, этникалық, діни және басқа да айырмашылықтардың бар екенін түсіну және қабылдау.

Белсенді позиция – қоғамдық талқылаулар мен бастамаларға қатысу, өз көзқарасын білдіруге және оны қорғауға дайын болу.

Жауапкершілік – өз іс-әрекеттерін қадағалау, жоспарлы шешім қабылдау. Өз әрекеттерінің салдарын түсіну және олар үшін жауапкершілік алуға дайын болу.

Тыңдай алу және түсіну – мұқият тыңдау дағдылары, басқалардың пікірін түсіну және ескеру.

Ұжымдық жұмыс – бірлікті сақтау, көпшілікпен жұмыс істесе алу, ымыраға келу және ортақ шешім қабылдай алу. Сонымен қатар қиыншылықтарды бірге еңсеріп, мақсатқа бірге жету.

Әдеп – бұл белгілі бір құрбандықтарды талап етсе де, мораль және әдеп қағидаларын сақтау.

Қорытынды

Балаларды пікірсайысқа үйретуден бұрын, олардың бойына жоғарыда көрсетілген қағидаларды сіңіру керек. Бұл құндылықтар – әділ әрі үйлесімді қоғамды қалыптастырудың негізі. Балаларға осы қасиеттерді сіңіру арқылы әділ шешім қабылдауға, қоғам игілігі үшін әрекет етуге және өз болашағы үшін жауапты болуға тәрбиелейміз. Бұл, өз кезегінде, әр адамның құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтейтін ортаны қалыптастыруға ықпал етеді.

1.2 Пікірсайыс тәрбие құралы ретінде: құндылықтар мен қағидалар

Жоғарыда жас пікірсайысшыларға пікірсайыс ережелерімен қатар үйретілуге тиіс құндылықтар аталып өтілді. Ал бұл бөлімде сабақ барысында қолдануға болатын ойындар мен практикалық тапсырмалар берілген.

Практикалық сабақтарда мұғалім тапсырмаларды нақты және құрылымдық түрде түсіндіріп, олардың мақсаттары мен күтілетін нәтижелерін анық жеткізуі керек. Сонда ғана оқушылар жұмыстың маңызын түсінеді.

Көптеген балалар бұрын-соңды кездестірмеген әрі талқыламаған тақырыптарын естігенде өз ойын бірден ашық жеткізе алмауы әбден мүмкін.

Өйткені кез келген адам өзіне бейтаныс тақырыпта көсіліп кетуі екіталай, ал жаңа бастап жатқан шәкірттер үшін бұл – қалыпты жағдай. Сондықтан оларға түсіністікпен қараған дұрыс. Ал кейде оқушылардың ойлары жетекші көзқарасымен сәйкес келмей жатады. Бұл да норма. Ендеше оқушы көзқарасы үшін сыналмау керек. Керісінше ондайда оқушының неге олай ойлайтынын сұрап, пікірін дәлелдеуге көмектесу қажет.

Сабақ барысында мынадай ойындар мен тапсырмаларды пайдалануға болады:

Отаншылдық

Ойын: Ұлтымыздың ұлы тұлғалары тақырыбындағы пікірсайыс

Мақсаты: Ел үшін елеулі тұлғалардың маңызын саналы түрде ұғынып, білу.

Сипаттамасы: Оқушыларды екі топқа бөлу қажет. Әрбір команда өзіне көрнекті тұлғаны таңдап, дәл осы тұлғаның еліміздің дамуына көбірек үлес қосқанын дәлелдейтін аргументтерді дайындайды. Пікірсайыс ол тұлғаның жетістіктерін, оның қоғам мен мәдениетке қосқан үлесін талқылауды, сондай-ақ басқа тарихи тұлғалармен салыстыруды қамтуы мүмкін. Соңында ең жақсы аргументті дауысқа салу арқылы анықтауға болады.

Азаматтық

Ойын: Жергілікті басқару тақырыбындағы рөлдік пікірсайыс

Мақсаты: Қоғам алдындағы міндеттерін түсіну және қоғамдық өмірге қатысуға дайын болу.

Сипаттамасы: Оқушыларды бірнеше топқа бөлу және әр топқа рөл тағайындау қажет (басшылық, тұрғылықты халық, кәсіпкерлер, экология белсенділері). Оларға жергілікті басқару саласындағы бір тақырыпты ұсынау маңызды, ол мәселен, жаңа саябақ құрылысы болуы мүмкін. Әр топ өзінің дәлелдерін дайындап, «қалалық кеңестің» алдында қорғауы керек. Барлық топқа бюджет біреу ғана, ортақ екенін ескеру қажет. Экология белсенділері саябақ құрылысына барын салады, ал кәсіпкерлер болса оның орнына жаңа сауда нүктесін салуды қалайды. Талқылау соңында қай жобаның іске асырылатынын анықтау үшін дауыс беру процедурасын өткізу керек.

Ойын: Қоғамдық бастамалар

Мақсаты: Қоғамдық талқылаулар мен бастамаларға қатысу.

Сипаттамасы: Алдымен оқушылар өз мектебін немесе ауданын жақсарту үшін ұсыныстар дайындау қажет. Содан кейін әрбір бастама талқыланатын, сынға алынатын және әрі қарай жетілдірілетін пікірсайыс ұйымдастыру қажет. Пікірсайыс соңында үздік бастамаларға дауыс беріңіз. Сондай-ақ, бұл бастамаларды өз клубыңызға қатысты да қолдана аласыз. Балаларға пікірсайыс клубына жаңа атау мен жаңа лозунг және жаңа құрылым ойлап табуын ұсыну қажет. Форматын таңдауға мүмкіндік бар: онлайн дауыс беру, референдум (ұзағырақ процедура) және т.б.

Толеранттылық

Ойын: Мәдени әртүрлілік тақырыбындағы пікірсайыс

Мақсаты: Өзгелерге деген құрмет және әртүрлілікті қабылдау.

Ойын: “Біз әртүрліміз, бірақ теңбіз”

Сипаттамасы: Оқушыларды 4-5 адамнан тұратын шағын топтарға бөлу керек. Әрбір топ мүшелерінен өздерін ерекше ететін сипаттамалар немесе қасиеттердің тізімін жазуы тиіс (мысалы, хобби, сүйікті пәндер, армандар, мәдени ерекшеліктер). Содан кейін әрбір топ мүшесінен өздерінің ортақ белгілерінің немесе қасиеттерінің тізімін жазуын сұраңыз (мысалы, барлығы оқушылар, барлығы да музыка тыңдағанды жақсы көреді, бақытты болуды қалайды және т.б.). Тапсырма аяқталғаннан кейін әр топтан өз тізімдерін сыныпқа оқып беруін сұраңыз. Айырмашылықтар мен ұқсастықтарға назар аударыңыз. Нәтиже негізінде әртүрлі тұлғалардың ортақ қасиеттерін анықтап және бірдей құрмет пен құқыққа иелігі жайлы талқылауды ұсыну қажет.

Толеранттық жайлы түсінік қалыптастырудың тағы бір мысалы ретінде «Мулан» (1998) мультфильмін қарастыруға болады. Бұл фильмде Мулан есімді жас қытай қызының ауырып жатқан әкесінің орнына әскерге барып, отбасын және елін ғұндардың шабуылынан қорғау мақсатында ер адам кейпіне енуі баяндалады. Мулан көптеген сынақтардан өтіп, өзінің батылдығын, ақылын және күшін дәлелдейді. Фильмнің негізгі тақырыптары: өзгені құрметтеу, гендерлік рөлдер, батылдық және өзін (ішкі «менін») табу.

Талқылау сұрағы: Фильмде қандай гендерлік таптаурындарды байқауға болады және Мулан оларға қалай қарсы тұрды?

Пікірсайыс тақырыбы: «Әйелдер мен ерлер әскерде тең құқықтар мен мүмкіндіктерге ие болуы керек пе?»

Ерлік және өзін құрбан ету:

Талқылау сұрағы: Муланның әрекеті оның жеке құндылықтары мен отбасына деген адалдығын қалай көрсетті?

Пікірсайыс тақырыбы: «Отбасы алдындағы немесе ел алдындағы борышты өтеу – қайсысы маңызды?»

«Қорқақ батыр» мультфильмін бірге тамашалап, талқылауға болады. Бұл мультфильм адамның қорықпай, мәселелерді шешуге кірісіп кетуі турасында ой салады.

Тапсырма: Түсініп тыңдау

Мақсаты: Зейін қойып тыңдау және әртүрлі көзқарастарды түсіну дағдыларын дамыту

Сипаттамасы: Оқушыларды жұптау: біреуі «мұғалім», ал екіншісі «оқушы» рөлін ойнайды. Әр жұпқа қағаз бен қалам беру қажет. «Мұғалімдерден» өздерінің көзқарастары, пікірі немесе тәжірибесі туралы «оқушыларға» баяндауын сұраңыз. Бұл олардың өміріндегі маңызды, жеке нәрсе болуы мүмкін. «Оқушылар» зейін қойып тыңдап, «мұғалімнің» көзқарасын түсінуге тырысуы керек. Егер түсініксіз болса, нақтылаушы сұрақтар қоюға болады. «Мұғалім» өз әңгімесін аяқтағаннан кейін, «оқушыдан» «мұғалімнің» айтқанын қайта айтып беруін сұрау керек. Осы тұста «мұғалімнің» ойын өзгеріссіз, дәл жеткізу қажет. Қайта айтып болған соң, екі жақтың да идеялары мен ішкі толғанысын қаншалықты дәл жеткізе алғаны талқыланады. Содан кейін рөлдермен алмасып, «мұғалім» - «оқушы», ал «оқушы» - «мұғалім» болады. Бұл

жаттығуды аяқтағаннан кейін, зейін қойып тыңдау, өзгенің пікіріне деген құрмет және басқаның көзқарасын түсіну қаншалықты маңызды екенін талқылауға болады.

Адамгершілік

Ойын: Жағдаяттық пікірсайыстар

Мақсаты: Жанашырлық пен қолдау, адалдық пен әділеттілік.

Сипаттамасы: Оқушыларға этикалық екіұшты таңдау (диллема) немесе өмірлік қиын жағдайлар ұсыну қажет (мысалы, «Көпшілікті құтқару үшін бір адамды құрбан ету қажет пе?»). Олар өз ұстанымдарын адамгершілік, адалдық және әділет тұрғысынан талқылап, дәлелдеуі керек.

Тапсырма: Мәселені топ болып шешу

Мақсаты: Ұжымдық жұмыс, бір-бірін тыңдау және ести білу қабілеті.

Сипаттамасы: Топқа бірлесіп шешім қабылдауды қажет ететін күрделі мәселені ұсыну қажет (мысалы, қайырымдылық шарасын ұйымдастыру). Әр топ мүшесі өз идеясын ұсынып, жұмыс барысында әрбір адамның пікірі ескеріліп, өзара ақылдаса отырып, үздік шешімді бірге таңдауы қажет.

Тапсырма: Рөлдерді ауыстыру арқылы пікірсайыс ұйымдастыру

Сипаттамасы: Оқушыларды екі топқа бөліп, оларға пікірсайыс тақырыбын ұсыну қажет. Ойын басталуына 5 минут қалғанда, үкімет тарапы оппозиция ретінде, ал оппозиция тарапы үкімет ретінде ойнайды деп мәлімдеңіз. Әр топқа жаңа рөлге дайындалуға қосымша он минут беріңіз. Мұндай жаттығу балаларға аргументтер келтіру мен мәселені әр түрлі жағынан қарастыруды үйретеді. Бұл олардың сыни ойлауын жетілдіреді және талқыланатын тақырып жайын толық түсінуге көмектеседі.

Абсурдтық форматтағы ойын: Мақал-мәтелді пікірсайыс

Мақсаты: Мақал-мәтелдерді қолдану арқылы пікірсайысшылардың тіл байлығы мен сөздік қорын молайту және тіл дәлдігін шыңдау.

Шарты: Тақырыпты талқылау барысында пікірсайысшылардың мақал-мәтелдер мен афоризмдерді қолданғаны ескеріледі.

1.3 Пікірсайыс технологиясы және азаматтық қоғам

Пікірсайыс тек зияткерлік ойын ғана емес, сонымен қатар белсенді және жауапты азаматтарды тәрбиелеудің күшті құралы болып табылады. Пікірсайысқа қатысу балаларға өмір бойы пайдалы болатын дағдылар мен қасиеттерді игеруге көмектеседі. Осы бөлімде біз пікірсайыс технологиясының азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекетті қалыптастыруға қалай ықпал ететінін қарастырамыз, сондай-ақ өмірден және әдебиеттен мысалдар келтіреміз.

Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның не екенін білу үшін олардың негізгі сипаттамаларын түсіну маңызды:

Құқықтық мемлекет – бұл заңның үстемдігі сақталатын, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары қорғалатын, және мемлекеттік органдардың заң шеңберінде әрекет ететін мемлекет.

Азаматтық қоғам – мұнда азаматтар қоғамдық өмірге белсенді қатысады, бастама көтереді, қоғамдық ұйымдар құрады және әлеуметтік мәселелерді шешуге қатысады.

Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның маңыздылығын түсіну үшін балалармен бірге кейбір фильмдерді көріп, оларды талқылау ұсынылады. Балалармен көруге болатын бірнеше мультфильмдер: **«Қайсар қыз» (Brave)**.

Бұл мультфильм салт-дәстүрге бағынғысы келмей, өз жолын таңдаған ханшайым Мерида туралы. Мультфильм жауапкершілікке, өз сеніміңнен айнымауға үндеп, отбасының қадірін түсіндіреді.

Талқылау сұрақтары:

- Неліктен Мерида салт-дәстүрге бағынғысы келмеді?
- Мерида мен оның анасы оқиға барысында қалай өзгерді?
- Батыл болу дегеніміз не?

Талқылауға арналған тақырыптар:

- Өз әрекеттері үшін жауапкершілік.
- Отбасылық қарым-қатынастар және дәстүрлерге құрмет.
- Батылдық және өз сенімінің артынан жүру.

«Сайлау» (Election, 1999) – американдық қара жанрдағы комедия, режиссер Александр Пэйн түсірген. Сюжет Том Перроттаның осы аттас романына негізделген. Фильмде ойдан шығарылған орта мектептегі оқушылар кеңесінің президентін сайлау туралы баяндалады.

Талқылау:

- Персонаждар өз мақсаттарына жету үшін қандай тәсілдерді қолданады? Қандай этикалық мәселелер туындайды?
- Мектептегі сайлау қалай өтеді? Кандидаттар қандай стратегияларды пайдаланады?
- Қандай қақтығыстар туындайды және оларды кейіпкерлер қалай шешеді?
- Кейіпкер әрекеттерінің мектеп қауымдастығына қандай салдары болады?

Талқылауға арналған кеңестер:

- Бірге мультфильм көру: Бірге көру ортақ негізді құруға көмектеседі.
- Белсенді тыңдау: Балалардың пікірлері мен ойларын мұқият тыңдап, өз көзқарастарын бөлісуге ынталандырыңыз.
- Ашық сұрақтар: Балаларды ойлауға және өз сезімдерін білдіруге итермелейтін сұрақтар дайындаңыз. Көріп отырған кезде де кідіртіп, сұрақтар қойыңыз.

Бұл талқылаулар балаларға мультфильмдерде көрсетілген құндылықтарды тереңірек түсінуге және оларды күнделікті өмірде қолдануға көмектеседі.

Сондай-ақ, құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам ұғымдарын жақсырақ түсіну үшін балалармен бірге «Заң және әділет» ойынын өткізу ұсынылады. Бұл жаттығуда оқушылар заң мен әділет арасындағы айырмашылықты талқылайды.

Әділетсіз болып көрінетін заңдардың мысалдарын келтіреді және құқықтық мемлекет шеңберінде мұндай мәселелерді шешу жолдарын ұсынады.

Талқылауға арналған мысалдар (Алдын ала дайындап қойыңыз немесе оқушыларға таңдатыңыз):

- 1960 жылдарға дейін АҚШ-тағы сегрегация (оқшаулау) заңдары. Сегрегацияны қолдаған заңдардың заңды делінгенімен әділетсіз болғанын талқылаңыз. АҚШ құқықтық мемлекет ретінде азаматтық қозғалыстар мен заңнамалық өзгерістер арқылы бұл әділетсіздіктерді қалай еңсерген еді?

- Азшылық немесе мигранттардың құқықтарына қатысты заңдар. Азшылық немесе мигранттардың құқықтарын шектейтін заңдардың мысалдары. Құқықтық мемлекет әрбір азаматтың шыққан тегіне немесе дәрежесіне қарамастан теңдігі мен құқықтарын қорғауды қалай қамтамасыз ете алатынын талқылауға болады.

Сондай-ақ, кез келген мемлекет секілді пікірсайыс клубында да барлығы сақтауы тиіс ережелер жинағы болуы керек. Бұл ережелер қағаз түрде әр клубта ілініп тұруы керек және барлық пікірсайысшылар осы ережелерді жатқа білуі тиіс.

Мысалы:

1. Дауда шындық туады. Шындыққа жету үшін пікірсайыстан және аргументтерді даулаудан қорықпаңыз.

2. Сократ маған дос, бірақ шындық қымбатырақ. Бейтараптықты сақтаңыз.

3. Мен сіздің айтқан сөзіңіздің ешқайсысымен келіспеймін, бірақ сіздің оны айту құқығыңыз үшін өлуге дайынмын.

4. Ойында қарсылас болсаңыз да, өмірде дос болыңыз.

2-тарау: Пікірсайыс клубы: алаң, қауымдастық және қозғалыс

2.1 Пікірсайыс клубын құру мақсаты. Пікірсайыс клубының мәні мен мақсаттарын түсіну

Қазіргі пікірсайыс жүйесі балаларды оқыту мен тәрбиелеуді қиындататын бірқатар мәселелерге тап болып отыр. Көптеген пікірсайыс клубтары тек турнирлерге, техникалық дайындыққа назар аударады, жеке тұлғаны дамыту мен құндылықтық тәрбиелеудің маңызды аспектілерін елемейді.

Пікірсайыс технологиясының әлеуетін толық пайдалану үшін оның негізгі инфрақұрылымдық бірлігі – пікірсайыс клубы тек пікірсайыс өнерін үйрететін үйірме ғана болмауы керек.

Пікірсайыс клубы – бұл, ең алдымен, балалар жаңа дағдылар мен білім ала алатын, уақыт өте келе ортақ құндылықтар мен идеялар негізінде біріккен орта. Сонымен бірге тығыз қарым-қатынастағы қауымдастық алаңы.

Біз үшін пікірсайыс клубы – оқушыға өзінің маңыздылығын сездіретін үйлесімді даму ортасы. Сондықтан оларға команда құрып, турнирлерге қатысу міндетті де емес.

Пікірсайыс клубын осы бағытта құру мен жүргізу клуб мүшелерінің санының артуына ықпал етеді. Сәйкесінше пікірсайыс құндылығы баршаға насихатталып, қозғалыс ретінде дамиды. Осылайша сан да, сапа да арта түседі.

Бұл үшін келесі өзгерістер ұсынылады:

Кен ауқымды іс-шаралар: Пікірсайыс клубтарында тек пікірсайыстардың техникалық аспектілеріне ғана емес, сонымен қатар әртүрлі білім беру ойындары, жаттығулар, кездесулер және т.б. шаралар арқылы құндылықтарды, тұлғааралық дағдыларды дамытуға назар аударылатын болады.

Қауымдастық құру: Пікірсайыс клубтары белсенді мүшелерінің, түлектері мен жаңадан қатысушылардың қауымдастығын қалыптастыратын орынға айналады. Олар бірге дамып, бір-бірін «байытады». Мұндай орта мектепті бітіргеннен кейін де, түлектер жақсы уақыт өткізу үшін оралуға асығатын орынға айналады.

Қызығушылықты арттыру және қолжетімділік: Пікірсайыс клубтарын балалар өздерін жайлы сезінетін және қатысуға қызығатын орынға айналдыру маңызды. Турнирлерге қатысу міндетті емес. Бұл пікірсайыс оқытуының артықшылықтарын барынша көп оқушыларға пайдалануға мүмкіндік береді. Балалар пікірсайыс ойнау үшін емес, уақытты пайдалы өткізу үшін, бір-бірімен кездесіп, жаңа дағдыларды үйрену үшін келуі мүмкін.

Мұндай өзгерістер балаларды оқыту мен дамыту үшін инклюзивті, ашық орта құру мақсатында жасалып отыр. Онда әрбір қатысушы өз орнын тауып, ортақ іске өз үлесін қоса алады.

Пікірсайыс клубын құру – бұл жай ғана жаңа оқу тобын қалыптастыру емес; бұл мұқият жоспарлауды және жан-жақты назар аударуды талап ететін күрделі процесс. Дәл инклюзивті және ашық орта құруға бағытталған өзгерістер арқылы біз клубтың сәтті жұмыс істеуін қамтамасыз етіп, әртүрлі тәжірибесі мен қызығушылықтары бар қатысушыларды тарта аламыз. Енді пікірсайыс клубын ашу үшін қажетті негізгі қадамдарды, оның мақсаттары мен аудиториясын анықтайық.

Бұл әдістемелік нұсқаулық әртүрлі деңгейдегі жетекшілерге арналған. Мұнда республикалық чемпиондарды тәрбиелеген тәжірибелі жаттықтырушылар да, алғаш рет пікірсайыс клубын ашып отырған ұстаздар да өзіне пайдалы ақпарат табады. Сонымен, пікірсайыс клубын ашу неден басталады?

Пікірсайыс клубын құруға арналған қадамдық нұсқаулық:

Мақсат пен аудиторияны анықтау

Мақсат: Пікірсайыс клубын құру, оны балаларды тәрбиелеу, білім беру және дағдыларды дамыту алаңына айналдыру.

Келесі деңгейдегі міндет – клуб негізінде ортақ құндылықтар мен қазіргі қоғамның қағидаттарын біріктіретін белсенді оқушылар қауымдастығын қалыптастыру.

Миссия: Балалардың болашақта жауапты және белсенді азамат және азаматтық қоғам мүшелері болуына ықпал ететін пікірсайыс пен басқа да дамытушы іс-шараларға қатысу арқылы өмірлік маңызды қасиеттерді, дағдыларды қалыптастыру.

Тапсырмалар:

Тәрбиелік:

- Балалардың азаматтық жауапкершілігі мен төзімділігін дамыту.
- Басқа адамдарға және олардың пікірлеріне деген құрмет қалыптастыру.

- Адалдық, әділеттілік және жанашырлық тәрбиелеу.

Білім беру:

- Балаларды дәлелдеу өнері мен сыни ойлауға үйрету.
- Әртүрлі салаларда білімді арттыру арқылы өзекті тақырыптарды зерттеу және талқылау.

- Тиімді коммуникация және көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

Дағдыларды дамыту:

- Командалық жұмыс және көшбасшылық дағдыларын нығайту.
- Аналитикалық қабілеттер мен проблемаларды шешу қабілеттерін дамыту.
- Стратегиялық жоспарлау және шешім қабылдау дағдыларын үйрету.

Жаңа қатысушылардың белсенділігін және қатысуын арттыру мақсатында пікірсайыс клубында ұпай жүйесін қолдану ұсынылады. Әрбір қатысушы 1 ұпайға ие болады. Тағы ұпай алу үшін клубтың жұмысына, сондай-ақ басқа да іс-шараларға, соның ішінде турнирлерге белсенді қатысу қажет.

Ұпай жүйесінің мысалдары:

- Клубтың маңызды іс-шараларына қатысу – 1 ұпай
- Клубтың маңызды іс-шараларын ұйымдастыру – 3 ұпай
- Клубтағы қандай да бір қызметті (лауазымдарды) 6 ай бойы мінсіз орындау – 3 ұпай
- Аудандық турнирге қатысу – 1 ұпай, жүлделі орын – 2 ұпай, жеңіс – 3 ұпай
- Қалалық турнирге қатысу – 2 ұпай, жүлделі орын – 3 ұпай, жеңіс – 5 ұпай
- Облыстық турнирге қатысу – 3 ұпай, жүлделі орын – 5 ұпай, жеңіс – 6 ұпай
- Республикалық турнирге қатысу – 5 ұпай, жүлделі орын – 7 ұпай, жеңіс – 8 ұпай

Сондай-ақ, егер оқушы 3 ай бойы пікірайыс клубының бірде-бір жиналысы мен кездесуін жібермесе, ол 3 ұпай алады. Әрбір клуб мүшесіне жыл бойы жүйелі түрде клуб жұмысына қатысқаны үшін 10 ұпай беріледі.

Егер қатысушы 40 ұпай жинаса, ол жаңадан келгендер санатынан пікірсайыс клубы мүшесінің келесі санатына өтеді.

Кіші сынып оқушыларына бірден пікірсайыс ойнау міндетті емес. Оларға бейімделуге уақыт беру қажет. Алдымен олардың ойларын еркін білдіруді үйренуге көмектесетін ойындар ұсынуға болады.

«Сиқырлы таяқша» ойыны

- **Сипаттама:** Балалардың бірі «сиқырлы таяқшаны» алады (кез келген таяқшаны немесе қарындашты қолдануға болады). Таяқшаны ұстап тұрған адам өзінің тілегін немесе арманын айтады.

- **Мақсат:** Балаларға өз ойлары мен тілектерін ашық бөлісуге көмектесу.

«Менің сүйікті затым» ойыны

- **Сипаттама:** Әр бала өзінің сүйікті ойыншығын немесе затын алып келеді және оның неге ұнайтынын айтады.

- **Мақсат:** Әңгімелеу және өз қалауларын бөлісу қабілетін дамыту.

«Осылай болса?» ойыны

- **Сипаттама:** Балаларға «Егер сен суперқаһарман болсаң не істер едің?», «Егер жануарлармен сөйлесе алсаң не болар еді?» деген сияқты сұрақтар қою қажет. Балалар өз ойларымен бөліссін.

- **Мақсат:** Қиялды ынталандыру және өз пікірін білдіру дағдыларын дамыту.

Ұйымдастырушылар тобын қалыптастыру

- Жетекшінің өкілеттіктерін пікірсайыс клубының мүшелері арасында барынша бөліп беру қажет. Осылайша олар клуб мүшесі екенін және өз рөлінің маңыздылығын сезінеді. Үміткерлерді таңдау және оларды осы лауазымдарға сайлау жауапкершілікпен қарауды талап етеді. Әрбір үміткердің талаптарға сәйкес келуі және өз міндеттерін орындауға қажетті қасиеттерге ие болуы маңызды.

- Клуб мүшелерін лауазымдарға сайлау немесе тағайындау процесін қызықты ойын-науқанға айналдыру керек.

1. Клуб президенті – 1 жылға клубтың аға мүшелерінің арасынан сайланады.

Міндеттері:

- **Клубты басқару:** Клубты басқару, кездесулерді ұйымдастыру, барлық мүшелердің жұмысын үйлестіру.

- **Іс-шараларды үйлестіру:** Клубтың тұрақты кездесулері мен іс-шараларын ұйымдастыру, олардың уақтылы өтуін қамтамасыз ету.

- **Құзыреті:** Клубты сыртқы іс-шаралар мен конференцияларда таныстыру, серіктестер және демеушілермен байланыс орнату.

- **Жиналыстарды басқару:** Клубтың жалпы жиналыстарын өткізу, күн тәртібін жүргізу және барлық мүшелердің қатысуын қамтамасыз ету.

- **Ұйымдастырушы мұғаліммен байланыс:** Мұғалімді клубтың ағымдағы істері туралы үнемі хабардар ету және даму стратегияларын талқылау.

Қасиеттері:

- Көшбасшылық дағдылар
- Ұйымдастырушылық қабілеттер
- Жауапкершілік
- Шешім қабылдау қабілеті

2. Вице-президент – 1 жылға клубтың аға мүшелерінің арасынан сайланады. Президент өкілеттіктерінен бас тартқан жағдайда, мерзімі аяқталғанға дейін оның орнын басады. Бұл ретте Президент жаңа вице-президентті таңдап, тағайындайды.

Міндеттері:

- **Президентті қолдау:** Президентке оның міндеттерін орындауда көмек көрсету, ол жиналыстар мен іс-шараларға қатыса алмайтын кезде алмастыру.

- **Жобаларды ұйымдастыру:** Арнайы жобалар мен іс-шараларды басқару, олардың өткізілуін үйлестіру.

- **Командалық жұмыс:** Командалық рухты дамыту және клуб мүшелерінің белсенді қатысуына ықпал ету.

Қасиеттері:

- Ұйымдастырушылық дағдылар
- Сенімділік
- Ашықтық

3. Жауапты хатшы – клубтың аға немесе орта буын өкілдері арасынан сайлануы мүмкін.

Міндеттері:

- **Құжаттама:** Кездесулердің хаттамаларын жүргізу, қатысушылар тізімдерін, іс-шаралар жоспарларын және басқа қажетті құжаттарды басқару.
- **Коммуникация:** Ішкі және сыртқы коммуникацияға, соның ішінде клуб мүшелері мен серіктестерге арналған хабарламалар мен ескертулерге жауапты болу.
- **Ақпаратты ұйымдастыру:** Кездесулер мен іс-шараларға арналған материалдарды дайындау, барлық қатысушылар үшін ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету.

Қасиеттері:

- Ұқыптылық
- Ұйымдастырушылық
- Жауаптылық

4. Медиа-координатор – ретінде клуб мүшелерінің арасынан тілек білдірушілер тағайындалады.

Міндеттері:

- Клубтың әлеуметтік желілерін басқару
- Контент жасау
- Іс-шаралар жайлы ақпарат тарату

Қасиеттері:

- Шығармашылық қабілет
- Әлеуметтік желілерді тиімді пайдалана білу
- Медиа жұмысын меңгеру

5. Кітапханашы – клубтың аға немесе орта буын өкілдері арасынан тағайындалады.

Міндеттері:

- Клуб кітапханасын басқару
- Кітап алмасуды ұйымдастыру
- Ұқыптылық пен тәртіпке жауап беру

Қасиеттері:

- Кітапқұмарлық
- Ұйымдастырушылық
- Мұқияттық

6. Бас ұйымдастырушы – орта немесе аға буын өкілдерінің арасынан тағайындалады. Әкімшілік өкілдерімен жақсы қарым-қатынас орнату қабілетіне ие болуы керек.

Міндеттері:

- Іс-шараларды, турнирлерді және семинарларды жоспарлау және өткізу

Қасиеттері:

- Ұйымдастырушылық қабілеттер

- Шығармашылық
- Ашықтық

7. Бас жаттықтырушы – әдетте аға буынның тәжірибелі ойыншыларынан тағайындалады. Кейбір жағдайларда, егер олар кем дегенде 2 пікірсайыс турнирін жеңіп алған болса, орта буын арасынан да тағайындалуы мүмкін.

Міндеттері:

- Кесте бойынша дайындық жұмыстарын жүргізу
- Командаларды турнирлерге дайындау
- Тәлімгерлік

Жаттығуларды жоспарлау:

- Клуб қатысушылары үшін оқу жаттығуларын және шеберлік сыныптарын ұйымдастыру және өткізу

Сарапшыларды шақыру:

- Оқыту сессияларын өткізу үшін сыртқы сарапшыларды іздеу және шақыру

Прогресті қадағалау:

- Қатысушылардың дамуын бақылау, жаттығу нәтижелері бойынша кері байланыс беру

Қасиеттері:

- Пікірсайыстағы тәжірибе
- Педагогикалық дағдылар
- Төзімділік

8. Жаттықтырушы – ретінде турнирлер мен жаттығуларда өзін көрсеткен тәжірибелі ойыншылар арасынан тағайындалады.

Міндеттері:

- Бас жаттықтырушыға жәрдемдесу
- Командаларды турнирлерге дайындау
- Қатысушылармен жеке сабақтар өткізу

Қатысуды ұйымдастыру:

- Клубтың аймақтық және өңіраралық пікірсайысқа қатысуын үйлестіру, қатысушыларды тіркеу

Сапарларды ұйымдастыру:

- Сапарларды ұйымдастыру, оның ішінде көлік және орналастыруды қамтамасыз ету

Жарыстарға дайындық:

- Қатысушылардың жарыстарға дайын болуын қамтамасыз ету, жарыс алдындағы дайындықты тиянақтау

Қасиеттері:

- Пікірсайыстағы тәжірибе
- Басқаларды ынталандыру және шабыттандыру қабілеті
- Жақсы коммуникациялық дағдылар
- Жауапкершілік және ұйымдастырушылық қабілеттері

8. Менторлар (1 менторға 3 жаңа қатысушы) – аға буын өкілдері немесе белсенді аламықтер арасынан тағайындалады.

Міндеттері:

- Жаңа мүшелерді қарсы алу, кіріспе сабақтар өткізу, бейімделуге көмек көрсету

- Жаңадан келгендерге қолдау көрсету: Жаңа мүшелерге клуб өміріне бейімделуге көмектесу, жеке сабақтар өткізу

- Кері байланыс: Жас пікірсайысшының топ алдындағы сөзіне кері байланыс жасау және дағдыларды жетілдіру бойынша кеңес беру

- Доспейіл орта құру: Клубта жанашырлық танытып, қолдау көрсететін орта қалыптастыру

Қасиеттері:

- Доспейілдік
- Қарым-қатынас жасау қабілеті
- Қолдау көрсету

9. Сыртқы байланыстар үйлестірушісі – аға буын өкілдерінің арасынан тағайындалады.

Міндеттері:

- Басқа клубтармен, мектептермен және ұйымдармен байланыстар орнату және қолдау

Қасиеттері:

- Ашықтық
- Адамдармен жұмыс істеу дағдылары
- Белсенділік

11. Дискуссия модераторы – орта буын өкілдерінің арасынан тағайындалады.

Міндеттері:

- Пікірсайыстарды жүргізу
- Ереженің сақталуын қамтамасыз ету
- Талқылаудағы тәртіптің сақталуын қадағалау

Қасиеттері:

- Бейтараптық
- Әділеттілік
- Топты басқару қабілеті

12. Дәстүр сақшысы – тағайындауда алашниктер арасынан, бұрынғы президенттер, вице-президенттер немесе жауапты хатшыларға басымдық беріледі.

Міндеттері:

- Клуб хроникасын жүргізу
- Жетістіктер мен маңызды оқиғаларды жазу
- Клубты түлектермен байланыстыруды қолдау
- Мектеп турнирлеріне төрешілер табу

Қасиеттері:

- Мұқияттылық
- Ұйымдастырушылық
- Зерттеушілік қабілет

Менторларды тағайындаудың маңыздылығы: Аға сынып оқушыларының арасынан менторларды тағайындау маңызды. Әр ментор

жаңадан келген 3-5 қатысушыны дайындауға жауапты. Жалпы жаттығулардан басқа, менторлар балаларды жинап, воркшоптар өткізіп, қарарларды талқылай алады.

Міндеттерді бөлу: Әуелі міндеттерді жүйелеп, содан соң жауаптыларды тағайындау қажет.

Бұл міндеттерді нақты бөлуге және пікірсайыс клубының тиімді жұмысын қамтамасыз етуге көмектеседі.

Кездесу орны мен уақытын таңдау

1. Сыныптарды таңдау:

- Мектептегі сабақ кестесін зерттеп, пікірсайыс клубын өткізуге бос сыныптарды анықтау қажет.
- Қатысушылардың кестесін және сабақ уақытын талқылап, ыңғайлы уақытты таңдау керек.

2. Келісім алу:

- Мектеп әкімшілігімен, директор немесе басқа жауапты тұлғалармен кездесуді ұйымдастырып, таңдалған сыныптарды пайдалануға рұқсат алу.
- Жоспарланған сабақ кестесін және клубтың жұмыс жоспарын ұсыну қажет.

3. Кабинеттерді жабдықтау:

- Кабинеттердің қажетті техникамен және материалдармен жабдықталғанына көз жеткізу қажет.
- Қажетті құралдар: проектор, экран, тақта, маркерлер, қағаз, кітаптар және басқа да оқу материалдары.

4. Кесте құру:

- Қатысушылардың қолайлы уақытын ескере отырып, тұрақты сабақ кестесін құрыңыз.
- Кестені барлық қатысушыларға және мұғалімдерге тарату қажет.

5. Жұмыс барысын бақылау:

- Сабақтардың уақтылы өткізілуін бақылап, қажет болған жағдайда түзетулер енгізіңіз.
- Қатысушылардан кері байланыс жинап, клубтың жұмысын жетілдіру үшін қолдануға болады.

Бұл қадамдар пікірсайыс клубының тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге және қатысушыларға қолайлы жағдай жасауға көмектеседі.

Кездесу кестесі:

• **Тұрақты кездесу күндері мен уақыты:** Қатысушылар өз қатысуларын жоспарлай алуы үшін клуб кездесулерінің тұрақты күндері мен уақытын орнатыңыз. Аптасына 2-3 рет тұрақты пікірсайыс клубы отырыстарын өткізуді ұсынамыз.

• **Ашық отырыстар:** Әр екі ай сайын барлық қызығушылық танытқан оқушылар үшін ашық отырыстар өткізіңіз, онда олар пікірсайыс клубының мүшелерімен бірге пікірсайыс кезеңдеріне қатыса алады.

• **Жаңадан келгендерді жинау:** Жаңадан келген пікірсайысшыларды бөлек жинау қажет. Олар үшін арнайы сессияларды ұйымдастырып, негізгі білім мен

дағдыларды алуға мүмкіндік беру керек. Бұл сессияларға менторлар – клубтың тәжірибелі мүшелері қатысып, жаңадан келгендерге үйренуге және дамуға көмектесу қажет.

- **Мұғалімдердің бақылауы:** Мұғалімдер дискуссиялардың негізгі қағидалары мен құндылықтарын сақтау және дұрыс бағыт беру үшін идеологиялық бөлігін қадағалауы керек.

Кездесу кестесін құрудың мысалы:

- **Дүйсенбі:**

- 16:00 - 17:30 – Тұрақты пікірсайыс отырысы

- **Сәрсенбі:**

- 16:00 - 17:30 – Жаңадан келгендер үшін арнайы сессиялар

- **Жұма:**

- 16:00 - 17:30 – Тұрақты пікірсайыс отырысы

- **Әр екі ай сайын:**

- Ашық отырыстар – барлық оқушылар үшін

Қосымша ұсыныстар:

- **Тәлімгерлік қолдау:** Жаңадан келгендерге жеке көңіл бөлу үшін әрбір сессияға менторларды қатыстыруды қамтамасыз етіңіз.

- **Кері байланыс:** Сабақтардан кейін кері байланыс сессияларын ұйымдастырыңыз, бұл қатысушыларға өз прогресін түсінуге және жетілдіруге көмектеседі.

Бұл ұсыныстар пікірсайыс клубының тиімді жұмысын қамтамасыз етуге және қатысушылардың барлық деңгейлерінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға көмектеседі.

Дүйсенбі: Барлық қатысушылар үшін апталық отырыстар

Қыркүйек - қазан

Уақыты: 15:00 – 17:00

Мазмұны:

- **15:00 – 15:15:** Кездесудің ашылуы, клуб жаңалықтары, хабарландырулар.

- **15:15 – 16:00:** Жаңа қатысушыларды қабылдауға дайындық (қолайлы кабинетті іздеу, жауапты қатысушыларды тағайындау, жетекші мен көрсетілім ойынына қатысушыларды анықтау, кабинетті безендіру және т.б.)

- **16:00 – 17:00:** Практикалық бөлім – қысқа пікірсайыстар немесе қатысушылар арасында пікірсайыс турнирі.

Қазан - мамыр

Уақыты: 15:00 – 17:00

Мазмұны:

- **15:00 – 15:15:** Кездесудің ашылуы, клуб жаңалықтары, хабарландырулар.

- **15:15 – 16:00:** Оқыту және талқылау сессиялары (өзекті тақырыптар бойынша пікірсайыстар, аргументтерді талдау, сыни ойлау жаттығулары).

- **16:00 – 17:00:** Практикалық бөлім – шағын пікірсайыстар немесе қатысушылар арасында пікірсайыс турнирі.

Мұндай құрылым апталық отырыстарды тиімді ұйымдастыруға, қатысушыларды жаңалықтармен және клубтың қызметімен таныстыруға, жаңа

қатысушыларды қабылдауға дайындалуға және пікірсайыстар мен практикалық жаттығулар арқылы дағдыларды жетілдіруге мүмкіндік береді.

Дүйсенбі: Барлық қатысушылар үшін апталық отырыстар

Уақыты: 15:00 – 17:00

Қыркүйек - қазан

Мазмұны:

- **15:00 – 15:15:** Кездесудің ашылуы, клуб жаңалықтары, хабарландырулар.
- **15:15 – 16:00:** Жаңа қатысушыларды қабылдауға дайындық (қолайлы кабинетті іздеу, жауапты қатысушыларды тағайындау, жетекші мен көрсетілім ойынына қатысушыларды анықтау, кабинетті безендіру және т.б.)
- **16:00 – 17:00:** Практикалық бөлім – шағын пікірсайыс немесе қатысушылар арасындағы пікірсайыс турнирі.

Қазан - мамыр

Мазмұны:

- **15:00 – 15:15:** Кездесудің ашылуы, клуб жаңалықтары, хабарландырулар.
- **15:15 – 16:00:** пікірсайыс дағдылары бойынша дәріс немесе шеберлік сабағы (мысалы, дәлелдеу, сөйлеу құрылымы, қарарды талдау).
- **16:00 – 17:00:** Практикалық бөлім – шағын пікірсайыс немесе қатысушылар арасындағы пікірсайыс турнирі.

Сәрсенбі: Жаңадан келген пікірсайысшыларға арналған сессиялар

Уақыты: 15:00 – 17:00

Мазмұны:

- **15:00 – 15:15:** Қарсы алу және қатысуды тексеру.
- **15:15 – 16:00:** Пікірсайыс негіздері бойынша сабақтар, оның ішінде негізгі терминдер, ережелер және этикет.
- **16:00 – 17:00:** Тәрбиелеу, құндылықтар және тұлғааралық дағдылар тақырыбындағы дамытушы ойындар мен жаттығулар (мысалы, сенім ойындары, белсенді тыңдау, командалық жаттығулар).
- **17:00 – 17:15:** Менторлардан рефлексия және кері байланыс.

Жұма: Барлық қатысушылардың тұрақты отырыстары

Уақыты: 15:00 – 17:00

Мазмұны:

- **15:00 – 15:15:** Кездесудің ашылуы, клуб жаңалықтары, келесі кездесулердің жоспарларын талқылау.
- **15:15 – 16:00:** Қызықты адамдармен кездесулер (шақырылған спикерлер, спортшылар, пікірсайыс чемпиондары, ағымдағы пікірсайыс тақырыптарына қатысты сарапшылар).
- **16:00 – 17:00:** Практикалық бөлім – шоу форматындағы пікірсайыстар немесе жаңадан келгендерге үлгі көрсету үшін тәжірибелі пікірсайысшылардың демонстрациялық пікірсайыстары.

Әр 2 ай сайын: Ашық жиындар

Уақыты: 10:00 – 14:00 (жұма)

Мазмұны:

- **10:00 – 10:30:** Кіріспе бөлім, барлық қатысушылар мен қонақтарды қарсы алу.

- **10:30 – 11:30:** Барлық қызығушылық танытқан оқушылар мен клуб мүшелерінің арасында мини-пікірсайыстар

- **11:30 – 12:30:** Барлық қатысушылар үшін білім беру дәрісі немесе шеберлік сабағы.

- **12:30 – 14:00:** Еркін қарым-қатынас, сұрақтар мен жауаптар, тәжірибе алмасу, клубтың болашақ іс-шараларын талқылау.

Бұл кесте пікірсайыс клубының тиімді жұмысын қамтамасыз етеді және қатысушылардың барлық деңгейлерінің қажеттіліктерін қанағаттандырады.

Қатысушыларды тарту

Жарнама және дамыту:

Show Debate немесе Fun debate ұйымдастыру – балалардың назарын аударудың және пікірсайыстың көркемдігін көрсетудің тамаша тәсілі. Қадамдық нұсқаулық: Танымал фильмдер, мультфильмдер, ойындар немесе мектептегі өзекті тақырыптар туралы сияқты қызықты және қабылдауға оңай форматты таңдауыңыз керек. Линкольн Дуглас форматы демонстрациялық ойындар үшін өте қолайлы.

Тақырыптар балаларға қызықты болуы керек, мысалы:

"Мектеп оқулықтарын планшеттерге ауыстыру керек пе?"»

"Қандай керемет күш жақсы: көрінбеу немесе ұшу?"»

Show Debate-та көрермендердің өздері жасағысы келетін әсерлі тақырыптар болуы керек. Мысалы:

"Мектептерде смартфондарға тыйым салу керек пе?"»

"Мектеп формасы: тәртіптің құралы ма, әлде даралықты тұмшалау ма?"»

"Балалардың ересектермен тең құқықтары болуы керек пе?"»

"Балалардың ата-ананың жеке өміріне құқығы болуы керек пе?"»

Ақпараттық кездесулер:

- Қызығушылық танытқан қатысушыларды тарту үшін кіріспе кездесулер немесе ашық сабақтар ұйымдастырыңыз және оларға пікірсайыс клубының артықшылықтары туралы айтыңыз.

Балаларды пікірсайыс клубтарына тарту туралы толығырақ келесі тарауларда келтірілген.

Жаттығулар мен сабақтар өткізу.

Кіріспе сабақтар: Пікірсайыстың құрылымы, ережелері және дәлелдеу әдістері туралы негізгі сабақтардан бастаңыз.

Пікірсайыс клубын құру кезінде болашақта қасиеттерге негіз болатын құндылықтар мен принциптерді қалыптастыру туралы ұмытпау керек. Бұл құндылықтар мен принциптер балаларға табысты пікірсайысшы болуға ғана емес, сонымен қатар қоғамның жауапты, саналы және құрметті мүшелеріне айналуға көмектеседі.

Тәжірибелік жаттығуларды бірден бастау дұрыс емес. Алдымен балаларды пікірсайыс клубының атмосферасына біртіндеп үйрету қажет. Себебі оқушылар тек талап қоятын ортаға қарағанда мүмкіндік беретін ортада өздерін еркін

сезінеді. Өз ойын білдіріп, сөз алғысы келгендерге де, үндемей бақылап отырғысы келетіндерге де мүмкіндік берген жөн.

Пікірсайысқа кіріспе және алғашқы жаттығулар жоспары:

1. Бірінші - төртінші отырыс:

Ұйымдастырушылық мәселелер:

Клубтың ұйымдастыру мәселелері: сайлау, тағайындау, жаңа мүшелер мен қатысушыларды қабылдау.

Клубпен таныстыру; танысу, ұжымдық қарым-қатынас пен сенімге арналған ойындар.

Балалар клубтың атмосферасына үйреніп, жеңіл пікірсайыстарға қатысады.

2. Бесінші отырыс:

Бастама үшін көбірек мүмкіндіктер, балалар тақырыптар мен идеяларды ұсына бастайды.

Ойындар мен қарым-қатынас дағдыларын дамытуға арналған жаттығуларды енгізу.

3. Алтыншы отырыс:

Ағымдағы тақырыптар бойынша құрылымдық пікірсайыстарға көшу.

Қызығушылық танытқандар үшін тәжірибелік сабақтарды енгізу.

Басқа балалар өз қалаулары бойынша бақылауды және қатысуды жалғастыра алады.

4. Жетінші отырыс және әрі қарай:

Қатысуға қызығушылық танытқан қатысушылар үшін үнемі практикалық жаттығулар.

Қалған балалар байқаушы ретінде қатысып, өз мүмкіндіктерін түсініп, қатысуға шешім қабылдай алады.

Біртіндеп практикалық жаттығуларға көбірек балаларды қосып, олардың таланттарын ашуларына мүмкіндік беру.

Кері байланыс: әр пікірсайыс кезеңінен кейін талқылау ұйымдастырып, қатысушыларға конструктивті кері байланыс беру керек.

Іс-шаралар мен жарыстарды ұйымдастыру

Ішкі жарыстар: олардың дамуы мен қызығушылығын арттыру үшін клуб мүшелері арасында тұрақты ішкі жарыстар мен турнирлер өткізу абзал.

Сыртқы турнирлерге қатысу: клубтың деңгейін көтеру және қатысушыларға басқа командалармен бәсекелесуге мүмкіндік беру үшін аймақтық, ұлттық немесе халықаралық пікірсайыс турнирлеріне қатыстыруға тырысыңыз.

Турнирлерге қатыспайтындар үшін белсенділік

1. Клубты ұйымдастыруға және басқаруға қатысу:

Іс-шараларды ұйымдастыру: Қатысушылар клубтық іс-шараларды, жарыстарды, қызықты адамдармен кездесулерді және т. б. ұйымдастыруға қатыса алады.

Клуб рөлдері: Медиа үйлестіруші, кітапханашы, іс-шараны ұйымдастырушы сияқты рөлдерді бөлу, осылайша әр қатысушы клубтың дамуына үлес қоса алады.

2. Қоғамдық жобалар және еріктілік:

Әлеуметтік жобаларға қатысу: Балалардың азаматтық жауапкершілік пен әлеуметтік белсенділік сезімін дамыту үшін клубтың әлеуметтік және қоғамдық жобаларға қатысуын ұйымдастырыңыз.

Еріктілер бағдарламалары: Клуб мүшелері жергілікті ұйымдар мен қоғамдық бастамаларды қолдау мақсатында еріктілерге арналған бағдарламаларға қатыса алады.

3. Шығармашылық және зияткерлік ойындар:

Пікірсайыс ойындары: Пікірсайыс пен сыни ойлау дағдыларын дамытатын ойындар өткізу (мысалы, квест, квиз және т.б.).

• **Шығармашылық шеберлік сабақтары:** Қоғамдық сөйлеу, театр өнері және басқа шығармашылық бағыттары бойынша шеберлік сабақтарын ұйымдастыру.

Клубтың тұрақтылығын және өсуін қамтамасыз ету

Біз пікірсайыс клубының жоғарғы сынып оқушыларын жаттықтырушы-тәлімгер ретінде кіші сынып оқушыларына тартуды ұсынамыз. Осылайша сіз пікірсайыс клубының кіші қатысушыларының деңгейін көтересіз, сонымен қатар жоғарғы сынып оқушыларының оқыту қабілетін дамытасыз. Бұдан бөлек аға буын өкілдері кіші буынды дайындау барысында өздерінің кем тұсын түзеп, шеберлігін шыңдап, сақадай сай жүреді.

Жекелеген санаттар үшін жарты жылда бір рет жеке турнир ұйымдастыру маңызды. Бұл балаларды дайындыққа көбірек ынталандыруға көмектеседі. Өз жас санаттары бойынша жеңімпаздар келесі турнирге аға буындармен қатысуға мүмкіндік алуы керек. Кіші және орта топтар үшін бүкіләлемдік мектеп форматындағы пікірсайыс турнирлерін өткізу маңызды. Олар осы форматта кем дегенде 1 жыл ойнауы керек, содан кейін ғана келесі пікірсайыс форматтарына ауысуға болады.

Ересек қатысушылар жас қатысушыларды әртүрлі тақырыптарда дайындай алады, бұл оларды кең ауқымды білім мен дағдыларын дамытуға көмектеседі. Осындай тақырыптардың бірнеше мысалдары:

- Қазақстанның сайлау жүйесі
- ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары қалай сайланады?
- ҚР Парламенті Сенатының депутаттары қалай сайланады?
- Бір-бірін шектеу және тепе-теңдік жүйесі қалай жұмыс істейді?
- Жоғарғы сот мүшелері қалай сайланады?

Сондай-ақ әр сабаққа қатысушылардың барлығы оқитын бір тақырып дайындауы қажет. Мысалы:

Саясат және басқару

1. Әр түрлі елдердің сайлау жүйелері
2. Жергілікті басқару және оның қоғамдағы рөлі
3. Халықаралық ұйымдардың (БҰҰ, ЕО, ДСҰ және т. б.) функциялары мен құрылымы
4. Саяси партиялар және олардың идеологиялары

Экономика

1. Нарықтық экономика негіздері
2. Қаржылық сауаттылық: жеке қаржы және бюджеттеу
3. Жаһандану және оның экономикаға әсері
4. Экономикалық дағдарыстар: себептері мен салдары
5. Сауда соғыстары мен санкциялар

Қоғам және мәдениет

1. Адам құқықтары және оларды қорғау
2. Көпмәдениеттілік және мәдениетаралық диалог
3. Қазіргі қоғамдағы БАҚ рөлі
4. Қазіргі қоғамдағы Этика және мораль
5. Әлеуметтік мәселелер және оларды шешу жолдары

Ғылым және технология

1. Технологияның қоғамға әсері
2. Ғылым мен технологиядағы этикалық мәселелер (ГМА, клондау, ЖЗ және

т. б.)

3. Ғарыштық зерттеулер және олардың маңызы
4. Жасыл технологиялар және тұрақты даму
5. Биотехнология және медицинаның болашағы

Білім

1. Әлемдегі әртүрлі білім беру жүйелері
2. Қашықтықтан білім берудің артықшылықтары мен кемшіліктері
3. Тұлға мен қоғамның дамуындағы білімнің рөлі
4. Барлығына арналған білім: инклюзивті оқыту
5. Техникалық және кәсіптік білім: табысты мансапқа жету жолдары

Экология және қоршаған орта

1. Климаттың өзгеруі және оның салдары
2. Қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму
3. Ластану және оны азайту жолдары
4. Биоресурстарды сақтаудың маңыздылығы
5. Экологиялық білім және оның қоғамдағы рөлі

Тарих

1. Әлемдік саясатқа әсер еткен тарихи оқиғалар
2. Отаршылдық және оның салдары
3. Қырғи қабақ соғыс және оның қазіргі әлемге әсері
4. Тарихтағы ұлы тұлғалардың рөлі

Пікірсайыс клубы: еркін ой алаңы, бірге дамитын қауымдастық және бұқаралық қозғалыс

Креативті адамдармен кездесулер ұйымдастыру балалардың пікірсайысқа және жалпы дамуға деген қызығушылығын едәуір арттыра алады. Балаларға қызықты болуы мүмкін адамдардың бірнеше санаты:

1. Тәжірибелі пікірсайысшылар:

- Халықаралық, ұлттық пікірсайыс турнирлерінің тәжірибелі қатысушылары.
- Пікірсайыс қозғалыстары мен клубтарының жетекшілері.
- Кәсіби спикерлер және көпшілік алдында сөйлеушілер.

2. Спортшылар:

- Өртүрлі спорт түрлерінің атақты атлеттері мен чемпиондары.
- Елеулі қиындықтарды жеңіп, жетістікке жеткен спортшылар.
- Топтық жұмыс пен тәртіптің маңыздылығы туралы айта алатын жаттықтырушылар мен тәлімгерлер.

3. Мобилографтар:

- Мобильді фотосурет және видео дайындайтын мамандар.
- Жастар арасында танымал блогерлер мен контент-креаторлар.
- Балалардың дамуы мен шығармашылығына пайдалы заманауи мобильді құрылғылардың қыр-сырын үйрететін мамандар.

4. Өртүрлі саладағы сарапшылар:

- Ғалымдар мен зерттеушілер өздерінің ашқан жаңалықтары мен зерттеулері туралы айтады.
- Өзінің жетістік жолын, тәжірибесі мен көрген-білгенін баян ететін кәсіпкерлер мен бизнесмендер.
- Қоғамдық ұйымдар мен еріктілер қозғалысының өкілдері.

5. Жазушылар мен журналисттер:

- Жазушылар мен ақындар шығармашылық процесс пен ізденістері жайлы айтады.
- Журналистер бұқаралық ақпарат құралдарының қалай жұмыс істейтіні, репортаждар және журналистік тергеулер туралы айта алады.

6. Актерлер мен режиссерлер:

- Театр және кино актерлері актерлік шеберлік пен көпшілік алдында өнер көрсету бойынша шеберлік сабақтарын өткізе алады.
- Режиссерлер кино түсіру және өнердегі режиссерліктің маңызы жайлы айта алады.

7. IT-мамандар:

- Бағдарламашылар мен IT-мамандары жаңа технологиялар, жасанды зият және цифрлық әлемнің болашағы туралы айта алады.
- Инженерлер мен өнертапқыштар өз жобалары мен өнертабыстары және жаңа технологиялардың жасалу жайын баяндайды.

8. Коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері

- Белсенділер өз жобалары туралы және әлеуметтік мәселелерді шешуге қалай көмектесетінін айтып береді.
- Экологтар қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму туралы дәрістер өткізе алады.

- Жас кәсіпкерлер мен стартаперлер табысқа жету жолы, бизнесті қалай бастағаны, қандай қиындықтарға тап болғаны және оларды қалай жеңгені туралы айта алады. Нақтырақ айтқанда, стартаптар құру, инвестиция тарту және бизнес жүргізудегі тәжірибесін ортаға салады.

Кездесу форматтары

Шеберлік сыныптары мен семинарлары:

- Балалар сарапшылардан жаңа дағдыларды үйрене алатын практикалық сабақтар.
- Тақырыптар көпшілік алдында сөйлеу техникасынан мобильді бейне түсіруге дейін болуы мүмкін.

Сұхбат және сұрақ-жауап сессиялары:

- Балалар өздерін қызықтыратын сұрақтар қойып, қонақтардан тікелей жауап ала алады.
- Тікелей қарым-қатынас форматы тартынбай, еркін әңгіме-дүкен құруға ыңғайлы жағдай жасайды.

Панельді дискуссиялар мен дөңгелек үстелдер:

- Өзекті тақырыптарды талқылайтын қонақтармен кездесу.
- Балалар талқылауларға қатысып, өз пікірлерін білдіре алады.

Практикалық жаттығулар мен ойындар:

- Қонақтар командалық жұмысты және көшбасшылық қасиеттерді дамытуға бағытталған бірлескен жаттығулар мен ойындар өткізуі мүмкін.
- Балалар тек тыңдап қана қоймай, оқу процесіне белсене қатысу мүмкіндігін алады.

Подкаст және TEDx форматындағы әңгімелер:

Подкаст: Сарапшылар мен клуб мүшелерінің қатысуымен подкаст жазу/түсіру.

Тақырыптар: Өзекті мәселелерді талқылау, қызықты адамдармен сұхбат, дағдыларды дамыту бойынша кеңестер.

Артықшылықтары: Подкаст кез келген уақытта тыңдалуы мүмкін, бұл ақпаратқа қолжетімділікті кеңейтеді және әрі қарай дамуға шабыт береді.

TEDx форматында сөйлеу:

Формат: Қысқа, шабыттандыратын әртүрлі тақырыптардағы баяндамалар.

Қатысушылар: Сарапшылар мен тәжірибелі пікірсайысшылар сөз сөйлеуге шақырылады, сондай-ақ клуб мүшелеріне аудитория алдында сөз сөйлеуге мүмкіндік туады.

Артықшылықтары: Көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын дамыту, жаңа білім мен идеялар алу, өз жобаларыңызға шабыт алу.

Пайдалы кітаптармен алмасу

Тұрақты кітап оқу сыни ойлау қабілетін дамытады, сөздік қорын кеңейтеді және әртүрлі көзқарастарды түсінуге көмектеседі. Мұны клубта жүзеге асыру үшін, әр ай сайын бір кітапты бірге оқып, талқылауға болады. Балалар кітап оқылғаннан кейін, шығармадан алған әсерін айтып, ғибрат алған тұсын ортаға сап, талдау жасайды.

Сондай-ақ клуб кітапханасын ұйымдастыруды ұсынамыз!

Реті былай: Балалар пайдалы кітаптарымен алмасып отыра алады. Оқып шыққаннан кейін кітаптарды клуб кітапханасында қалдыруы қажет. Сол арқылы басқа оқушылар да осы кітаптарды оқи алады. Қандай кітапты кім алғанын белгілеп отыру үшін арнайы журнал жүргізу керек.

Күнделікті жаңалықтарды бақылау

Жаңалықтарды бақылау балаларға әлемдегі оқиғалардан хабардар болуға, сыни ойлау дағдыларын дамытуға және қазіргі мәселелерді түсінуге көмектеседі. Осы мақсатта балалар күніне 5-10 минут уақытын соңғы жаңалықтарды талқылауға арнай алады. Онда балалар кезекпен қысқаша жаңалықтарды дайындайды. Аптасына бір жаңалық тақырыбын терең талқылау үшін пікірсайыс немесе дөңгелек үстел форматын таңдауға болады. Сондай-ақ балаларға белгілі бір жаңалық немесе оқиға бойынша зерттеу жүргізіп, өз қорытындыларын ұсынатын жобалар ұйымдастыруға болады.

Әлеуметтік жобаларға бірлесіп қатысу

Әлеуметтік жобаларға қатысу жауапкершілік сезімін, көшбасшылық қасиеттерді және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытады. Жергілікті волонтерлік акцияларға. Мысалы, саябақтарды тазалау, қарттарға көмек көрсету немесе қайырымдылыққа ақша жинау сияқты шараларға қатысуды ұйымдастырыңыз. Балаларды мектеп ортасын жақсартуға арналған жобаларға қатыстырыңыз. Мысалы, аумақты көгалдандыру немесе іс-шаралар өткізу. Балалар экология немесе денсаулық сияқты маңызды әлеуметтік мәселелер жайлы ақпараттандыру науқандарын өткізе алады.

Әлеуметтік желілерде немесе мектеп газетінде ортақ блог жүргізу

Хат жазу мен журналистика жазу өнерін, сын тұрғысынан ойлауды және шығармашылық ойлауды дамытуға көмектеседі. Балалар түрлі тақырыпта, оның ішінде кітап рецензиялары, клубтағы оқиғалар туралы репортаждар және өзекті мәселелер бойынша ой-пікірлер жазатын мектеп блогын құрыңыз. Олар өз мақалаларын, сұхбаттарын, суреттері мен сызбаларын жариялай алатын мектеп газетінің шығуын ұйымдастырыңыз. Зерттеу және талдау қабілеттерін дамыту үшін әр аптаға арналған тақырыптарды таңдаңыз және балаларға сол тақырыпта мақала жазуды тапсырыңыз.

Интерактивті шеберлік сыныптары мен шеберлік сабақтары

Шеберлік сабақтарына қатысу практикалық дағдыларды дамытып, балаларға интерактивті түрде жаңа нәрселерді үйренуге мүмкіндік береді. Әр түрлі тақырыптар бойынша шеберлік сабақтарын өткізу үшін мамандарды шақырыңыз. Мысалы, аспаздық, қолөнер, робототехника. Балаларға өз қолдарымен Легодан құрылыс жасатуға немесе қызықты ғылыми эксперименттер ұйымдастыруға болады. Балалардың шығармашылық мүмкіндігін көрсету үшін сурет салу, музыка немесе би бойынша шеберлік сабақтарын өткізіңіз.

Бұл іс-шаралар балаларға тек әртүрлі дағдыларды дамытуға ғана емес, сонымен қатар достық байланыстарды нығайтуға, командада жұмыс істеуді үйренуге және таным көкжиегін кеңейтуге көмектеседі. Осылайша пікірсайыс клубы пікірсайыстар үйренуге арналған орын ғана емес, сонымен қатар балалардың жан-жақты дамып, қалыптасатын кеңістігіне айналмақ.

2.2 Пікірсайыс клубын ұйымдастыру аспектілері.

Ұйымдастырушы-жетекшінің рөлі: негізгі аспектілер мен міндеттер

Мектептегі пікірсайыс клубтарының жетекшілерінің мұғалімдердің жүктемесіне байланысты жыл сайын өзгеріп отыруы мүмкін екенін түсінеміз. Сондықтан клубтың жұмысын келесідей жүйелеу керек: педагог-ұйымдастырушы алғашқы екі айда ұйымдастыру жұмыстарына белсенді қатысып, содан соң өз міндеттерін клуб мүшелеріне кезең-кезеңімен бөліп бергені жөн.

Кейіннен мұғалім негізгі функцияларды клубтың тәжірибелі мүшелеріне бере отырып, клуб жұмысын бақылап, бағыттауы керек.

Өкілеттіктерді сәтті жүктеу үшін клуб мүшелеріне олардың рөлдері мен міндеттерін түсіндіретін тренинг өткізу қажет. Тапсырмаларды орындау үшін қолдау мен қажетті ресурстарды қамтамасыз ету маңызды. Әр рөл үшін нақты нұсқаулар мен жұмыс жоспарларын әзірлеу және бекіту клубтың барлық мүшелерінің өз міндеттерін түсінуіне және қажетті ақпаратқа қол жеткізуіне көмектеседі. Прогрессті талқылау және туындаған мәселелерді шешу бойынша тұрақты кездесулер мен есеп беру жүйесі әрбір қатысушыға өз қызметі туралы есеп беруге көмектеседі. Ұйымдастырушы мұғалім кеңес беруге, қолдауға үнемі дайын болуы және қатысушыларға қиындықтарды жеңуге көмектесіп, оларды белсенді жұмыс істеуге ынталандыруы керек.

Осы қадамдарды орындау арқылы пікірсайыс клубының тиімді және тұрақты басқару құрылымын құруға болады.

Клубта ашық және жайлы ортаны қалыптастыру

Пікірсайыс клубында ашық әрі жайлы ортаны қалыптастыру балаларға өздерін еркін және сенімді сезінуге көмектеседі. Бұл олардың дамуы үшін маңызды. Әрбір жаңа ниетті жасты құшақ жая қарсы алыңыз және оған аға

буыннан «тәлімгер» тағайындау арқылы бейімделуге көмектесіңіз. Шеберлік деңгейіне немесе пікіріне қарамастан барлығын құрметтеңіз және толеранттылықты насихаттаңыз. Қатысушылардың бастамаларын, олардың идеяларын көтермелеңіз және жоспарларды талқылау үшін үнемі жиналып, шешім қабылдауға көбірек мүмкіндік беріңіз. Қатысушылар өздерінің жетістіктерінен хабардар болып, сол арқылы алға жылжуы үшін тұрақты кері байланыс жүйесін орнатыңыз. Танысу, қарым-қатынас жасау үшін іс-шаралар ұйымдастырыңыз, клубтың рухын бейнелейтін элементтермен безендірілген жайлы және функционалды кездесу бөлмесін жасаңыз. Өзін клубтың ажырамас бөлшегі ретінде сезінуін күшейтетін дәстүрлер мен рәсімдерді енгізіңіз және әркім өзіне қызықты нәрсе табуы үшін бағдарламаға түрлі белсенді әрекеттерді қосыңыз. Конкурстар мен жобаларды ұйымдастыру арқылы қатысушылардың бастамасы мен шығармашылығын қолдаңыз. Осы қағидаларға сүйене отырып, балалардың пікірсайыс дағдыларын дамытып қана қоймай, өздерін достық қарым-қатынас пен қолдау көрсететін қоғамдастықтың бір бөлігі ретінде сезінетін клуб құрасыз. Клубтың атауы, оның миссиясы және ұраны қажет. Кейбір ұрандарға мысал келтірейік:

«Ланнистерлер әрқашан есепшот төлейді» - Тақтар ойыны (Игра престолов)

«Күшің сарқылмасын!» - Жұлдызды соғыстар (Звездные войны)

«Хакуна Матата» - Арыстан Патша (Король Лев)

«Неге сонша қатайып алғансың?» - Қара рыцарь (Темный рыцарь)

Пікірсайыс клубының қатысушылары мен мүшелері

Пікірсайыс клубы әртүрлі жас санаттарындағы балалардың дамуы үшін бірегей мүмкіндік береді. Үнемі ұрпақтар сабақтастығы үзілмей, клуб мүшелерінің ауызбіршілігін арттырып отыру үшін мұғалімдермен, ата-аналармен тізе қосып жұмыс атқару қажет.

Пікірсайыс клубы өз ішінен үш санатқа жіктеледі. Олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері мен жұмыс бағыттары бар:

«Кіші буын немесе жас пікірсайысшылар» (5-7 сынып):

Негізгі фокус – көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын, дәлелдеу негіздерін және сыни ойлауды дамыту.

Сенімділікті және қарым-қатынас дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар мен ойындар.

Рөлдік ойындар мен таныс тақырыптар бойынша шағын пікірсайыстар ұйымдастыру секілді шығармашылық тапсырмаларды қосу.

«Орта буын» (8-9 сынып):

Пікірсайыс жайлы білім мен дағдыларды тереңдету, құрылымдық форматтарын зерттеу.

Неғұрлым күрделі дәлелдер мен қарсы аргументтерді әзірлеу, ағымдағы оқиғалар мен әлеуметтік мәселелерді талдау.

Өзекті тақырыптар бойынша тұрақты пікірсайыстар мен дөңгелек үстелдер ұйымдастыру.

«Аға буын» (10-11 сынып):

Жарыстар мен байқауларға қатысуға дайындық, логика мен риториканы тереңдете оқыту.

Күрделі және көп қырлы тақырыптар бойынша пікірсайыстар жүргізу, жобалар мен әлеуметтік бастамаларға қатысу.

Кіші және орта жастағы пікірсайысшыларды оқыту, тәлімгерлер мен іс-шараларды ұйымдастырушылардың рөлі.

Пікірсайыс клубы дайындық деңгейі мен тәжірибесіне қарамастан барлық оқушылар үшін ашық. Кез келген адам клубқа қосыла алады және басқа мүшелермен бірге дами алады.

Өзін-өзі оқыту және ұрпақтар сабақтастығы

Әрбір жас санаты өзгелерді оқыту мен дамытуда маңызды рөл атқарады. Аға пікірсайысшылар тәлімгер және ұйымдастырушы ретінде әрекет ете отырып, орта және кіші жастағы оқушыларға көмектеседі. Бұл ұрпақтар сабақтастығына және жоғары топтағы қатысушылардың көшбасшылық қасиеттерін дамытуға ықпал етеді.

Ата-аналармен жұмыс

Ата-аналар клубтың тұрақты мүшесі болмаса да, клуб өміріне әртүрлі іс-шаралар арқылы қатысады:

Бірлескен ойындар мен жаттығулар: ата-аналар мен балаларға және мұғалімдерге бірін-бірі түсінуге ықпал ететін бірлескен жаттығулары бар іс-шараларды ұйымдастыру.

Қолдау және қатысу: ата-аналар іс-шараларды ұйымдастыруға көмектеседі, пікірсайыстарға қатысады және балаларына олардың ұмтылыстары мен жетістіктеріне қолдау көрсетеді.

Кері байланыс: балалардың үлгерімін талқылау, клубтың жұмысын жақсарту бойынша пікірлер мен ұсыныстар алмасу үшін ата-аналармен үнемі кездесіп отыру маңызды.

Ата-аналармен пікірсайыс турнирі

Жыл соңында бүкіләлемдік мектеп форматы бойынша турнир өткізуге болады. Онда командада оқушы, ата-ана және педагог болады.

Қолдау және белсенділік атмосферасын құру үшін мектептің барлық оқушыларын, ата-аналарын және тәрбиешілерін көрермен не жанкүйер ретінде шақыру қажет. Турнирді мектептің әлеуметтік желісінде және сайтында тікелей эфирде ұйымдастыруға болады. Аяқталған соң видеожазбасын мектеп сайтына немесе ютуб арнасына жүктеп қойса нұр үстіне нұр. Осылайша жанкүйерлер мен тілек білдірушілер оқиға барысын бақылай алады.

Пікірсайысқа бірлесе отырып қатысу оқушылардың, ата-аналар мен тәрбиешілердің арасындағы байланысты нығайтады, өзара түсіністік пен қолдауды жақсартады.

Қамқоршылық кеңес құру

Мектеп мұғалімдері мүшесі ретінде шақырылатын қамқоршылық кеңесін құрыңыз. Сонымен қатар клубтың екі түлегі кеңес мүшесі бола алады.

Кеңес кәсіби ұсыныс беру және оқушылардың бастамаларын қолдау арқылы клубтың дамуына ықпал етеді.

Ағымдағы істерді талқылау, іс-шараларды жоспарлау және клубтың даму стратегияларын әзірлеу үшін кеңестің тұрақты кездесулерін өткізіп тұру қажет.

Клуб іс-шараларына қатысу үшін педагогтарды шақыру

Пікірсайыстар, мастер-класстар, тренингтер және ашық сабақтар сияқты клуб іс-шараларына қатысу үшін мұғалімдерді үнемі шақырыңыз.

Пікірсайыс турнирлері мен конкурстарына төрешілер мен тәлімгерлер ретінде педагогтарды тарту.

Пәнаралық байланыстарды нығайту және ынтымақтастық деңгейін арттыру мақсатында мектептің әр түрлі тәрбиешілерінің қатысуымен бірлескен іс-шаралар мен жобалар өткізу.

Мектеп Парламентіндегі квоталар

Мектеп басшылығымен пікірсайыс клубының өкілдері үшін мектеп Парламентіндегі квоталар туралы келіссөздер жүргізіп, оларға шешім қабылдауға және мектеп өмірін басқаруға белсенді қатысуына мүмкіндік беріңіз.

Клуб өкілдері мектеп ортасын жақсарту бойынша ұсыныстар енгізіп, іс-шаралар ұйымдастырады және оқушылар атынан бастамалар көтере алады.

Парламентпен бірлесе жұмыс жасау клуб пен мектеп әкімшілігінің қалған бөлігі арасындағы байланысты нығайтуға мүмкіндік береді, бірлескен даму және ортақ мақсаттарға жету үшін платформа жасайды.

Әр санат бойынша белсенділікті көрсететін мысалдар

«Кіші буын/жас пікірсайысшылар» (5-7 сынып):

Сөздік қорын және өзіне деген сенімділікті дамытуға арналған ойындар.

Жеке тәжірибе мен мектеп өміріне қатысты тақырыптар бойынша шағын пікірсайыс.

Шағын қойылым қою секілді бірлескен шығармашылық жобалар.

«Орта буын» (7-9 сынып):

Ағымдағы оқиғалар мен әлеуметтік мәселелер бойынша пікірсайыс.

Аргументтер мен қарсы аргументтерді талдау, стратегияларды әзірлеу.

Мектеп және аймақтық пікірсайыс жарыстарына қатысу.

«Аға буын пікірсайысшылары» (10-11 сынып):

Күрделі және көп қырлы тақырыптар бойынша терең пікірсайыс.

Кіші және орта топ пікірсайысшыларына арналған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу.

Әлеуметтік жобалар мен бастамаларды әзірлеу және іске асыру.

Пікірсайыс клубын ұйымдастырудың бұл құрылымы мен тәсілі балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді, ұрпақтар сабақтастығына ықпал етеді және ата-аналар мен мұғалімдердің клуб өміріне белсенді қатысуына жағдай жасайды.

Пікірсайыс клубтары арасындағы байланыс орнату

Пікірсайыс клубтары арасындағы өзара әрекеттесу және байланыс орнату олардың дамуы мен табысты қызметінде маңызды рөл атқарады. Бұл тарауда клубтар арасындағы ынтымақтастықтың әртүрлі аспектілері, соның ішінде студенттер лигасының клубтарымен бауырластық және жолдастық кездесулер жайлы айтылады.

Клубтар арасындағы байланыс орнату

Мектептегі пікірсайыс клубтарын жаппай қозғалысқа айналдыру үшін клубтар желісін құру және қолдау, тұрақты кездесулер мен іс-шаралар өткізу, өңірлік және республикалық турнирлер, тренингтер ұйымдастыру қажет. Бұл қатысушыларға танысуға, тәжірибе алмасуға және байланыстарын кеңейтуге мүмкіндік береді. Жаңалықтармен, ресурстармен бөлісу және вебинарлар ұйымдастыру үшін әлеуметтік медиа, онлайн форумдар және білім беру платформалары сияқты сандық платформаларды пайдалану маңызды.

Пікірсайыс жәрмеңкесін өткізу. Онда қаланың барлық клубтары өз үстелдерін қойып, жетістіктері мен жаңалықтары туралы әңгімелейді. Мұндай жәрмеңкені оқушылар сарайларының негізінде жасауға болады.

Сондай-ақ Маусымашар мен пікірсайыс жылының жабылуын өткізуге болады. Онда барлық пікірсайыс клубтарының өкілдерін шақыруға, жыл қорытындысын дайындауға, клуб мүшелері мен жетекшілерді, ұйымдастырушыларды номинациялар бойынша марапаттаса да артықтық қылмайды. Әр маусымға арнайы тақырып қойып, түрлі деңгейдегі іс-шаралар ұйымдастырылса, пікірсайыс әлемі кісі қызығарлықтай түрлене түспек.

Сонымен қатар жергілікті коммерциялық емес ұйымдармен, білім беру мекемелерімен, кәсіп иелерімен және билік органдарымен ынтымақтастық шешуші рөл атқарады. Бұл ұйымдармен жасалған серіктестік пікірсайысқа қатысты іс-шараларға қолдау мен демеушілік жағынан өз септігін тигізеді. Өз кезегінде іс-шаралардың ауқымы артып, жаңа қатысушыларды шақыруға мүмкіндік туады.

Арнайы арна ашып, видеоблог жүргізіп, түрлі контент жасау дебат клубына біршама назар аудартады. Ал әлеуметтік медиа және жергілікті медиа қатысушы санының көбеюіне ықпал етуі мүмкін.

Клубтар арасында қалай байланыс орнатуға болады?

1. Жолдастық кездесулер:

○ Пікірсайыс клубтары арасында тәжірибе мен дағдылар алмасу үшін кездесулер ұйымдастыру. Бұл өзара әрекеттесуді жақсартуға және достық атмосфераны қалыптастыруға септігін тигізеді.

2. Мерекелік іс-шаралар:

○ Мерекелерге немесе басқа да маңызды оқиғаларға арналған бірлескен іс-шараларды өткізу. Бұл пікірсайыс турнирі немесе бейресми кездесу болуы да мүмкін. Онда қатысушылар өзара әңгімелесіп, ортақ мүдделерді талқылай алады.

3. Тәжірибе алмасу:

○ Үздік тәжірибелермен, әдістермен және сәтті кейстермен алмасу үшін тұрақты кездесулер өткізу. Бұл клубта талқыланған қызықты тақырыптарды талдауды немесе ортақ тақырыптар бойынша бірлескен пікірсайыстарды қамтуы мүмкін.

4. Онлайн платформа құру:

○ Талқылау үшін және ресурстармен, жаңалықтармен алмасу үшін әлеуметтік желілерде топтар мен форумдар құру. Мұндай жағдайда барлық желі мүшелері байланыста болып, тәжірибелерімен бөлісе алады.

5. Бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру:

○ Қатысушылар бір-бірімен танысып, ресми жағдайда тәжірибе алмасатын пікірсайыстар, конкурстар немесе семинарлар өткізе алады.

Осы нұсқауларға сүйене отырып пікірсайыс клубтарының жетекшілері өз желілерін едәуір кеңейте алады, қатысушыларды көбірек тарта алады. Сонымен қатар пікірсайыс клубтарын мектеп оқушылары арасында қарым-қатынас, сыни ойлау және азаматтық белсенділік дағдыларын дамытуға ықпал ететін жаппай қозғалысқа айналдыра алады.

2.3 Пікірсайысшыларға арналған практикалық сабақтар.

Клуб қатысушыларының дағдыларын дамыту және ынталандыру

Пікірсайыс – бұл тек теориялық білімді ғана емес, сонымен қатар практикалық дағдыларды қажет ететін өнер. Клубтың әрбір қатысушысының өз дағдыларын дамытуға және мотивациясын арттыру үшін қолдау алуға мүмкіндігі болуы маңызды. Бұл тарауда пікірсайысшылардың дағдыларын дамытуға және клуб мүшелерін ынталандыруға бағытталған практикалық сабақтар берілген.

Дағдыларды дамыту дәлелдеу негіздерін меңгеруден басталады. Бұл – қатысушыларға логикалық және дәйекті дәлелдер құруға көмектесетін негізгі элемент. Қатысушыларды шағын топтарға бөліп, «Мектеп формасы міндеттелуге тиіс» деген сияқты қарапайым шешімді талқылаудан тұратын жаттығулар жасауға болады. Әр топ «оң» және «қарсы» тарап бойынша екі аргументтен дайындап, өз дәлелдерін ұсынып, талқылауға қатысу керек.

Талдау дағдылары мен сыни ойлауды жақсарту үшін кейстерді талдауды қолдануға болады. Жаңалықтардан өзекті тақырыптарды таңдап, қатысушыларға талдау үшін материалдар беріңіз. Олардың міндеті – негізгі дәлелдер мен қарсы аргументтерді бөліп көрсету, содан кейін тақырып бойынша шағын пікірсайыстар өткізу. Бұл жаттығу оларға қиын сұрақтарды жақсы түсінуге және өз ұстанымдарын тиімді дәлелдеуге көмектеседі.

Youtube желісінде «WUDC Қазақстан», «EUDC Қазақстан» деп жазып, балалармен бірге әлем және Еуропа чемпионатындағы қатысушылардың сөздерін тамашалай аласыздар.

«Вконтакте» желісінен пікірсайысшыларды дамыту үшін пайдалы топтарды таба аласыз:

The

Debating

Handbook

<https://vk.com/thedebatinghandbook?w=club95759058>

Мұнда пікірсайысшылар үшін біршама пайдалы ақпарат жинастырылған. Тренингтер, олардың аудармалары, мақалалар мен ойындар, TED, деректі фильмдер, түпнұсқа мақалалар.

Орыс тілді пікірсайыс қауымдастығының кейсотекасы <https://vk.com/caseaday?from=search>

Мұнда әртүрлі тақырыптар бойынша тәжірибелі ойыншылардың дайын кейстарын таба аласыз.

Сөйлеу практикасы шешендік пен сенімділікті дамыту үшін маңызды. «Еркін микрофон» сессияларын өткізіңіз. Онда әр қатысушы берілген тақырып бойынша қысқаша сөз сөйлейді. Әр қойылымнан кейін топ озық тұстары мен түзететін жерлерін айта отырып, кері байланыс береді. Бұл қатысушыларға өз дағдыларын жетілдіруге және сахнада өзін сенімді сезінуге көмектеседі.

Қатысушылар мотивациясы пікірсайыс клубының сәтті жұмыс істеуінде шешуші рөл атқарады. Жанашыр орта құра алу одан кейінгі бірлік пен мотивацияға әсер етеді. Пикниктер, спорттық ойындар немесе бірге киноға бару сияқты ресми пікірсайыстан тыс тұрақты кездесулер мен іс-шараларды өткізіп тұрыңыздар. Мұндай іс-шаралар клуб мүшелерінің бір-бірін жақсы тануына және берік достық қарым-қатынас орнатуына көмектеседі.

Жетістіктерді мойындау мотивацияның жоғары деңгейін сақтауға көмектеседі. «Айдың үздік спикері» немесе «Ең белсенді қатысушы» сияқты марапаттау жүйесін енгізіңіз. Жетістігіне қарай марапаттау пікірсайысшылардың өзінің және еңбегінің бағалы екенін сезінуге және алға қарай ұмтылысына әсер етеді.

Жарыстарға қатысу қызығушылық пен мотивацияны қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ішкі және сыртқы турнирлерді үнемі ұйымдастырыңыз. Жарысқа қатысу қатысушыларға өз дағдыларын дамытуға және жаңа биіктерге ұмтылуға көмектеседі. Қатысушыларды дайындау кезеңінен бастап турнирге дейін де, кейін де қолдап отырған жөн. Жай ғана қолдап қоймай жетістіктері мен ұмтылысына ерекше тоқталу қажет.

Әр қатысушыға жеке назар мен қолдау көрсету жеке көзқарастың қалыптасуына жағдай жасайды. Қатысушылармен олардың бағытын, мақсаттары мен мәселелерін талқылау үшін жүйелі түрде жеке кездесулер өткізіңіз. Оларға жеке даму жоспарларын құруға көмектесіңіз және қажетті қолдау көрсетіңіз.

Қатысушылардың дағдыларын дамытуға және ынталандыруға бағытталған практикалық сабақтар мен іс-шаралар пікірсайыс клубының табысты жұмыс істеуінің негізгі элементі болып саналады. Қолдау және ынталандыру ортасын құру әрбір қатысушыға өз әлеуетін ашуға және жоғары нәтижелерге қол жеткізуге көмектеседі.

Дағдыларды дамытуға бағытталған ойындар, жаттығулар және воркшоптар

Ойындар, жаттығулар және воркшоптар – пікірсайысшылардың дағдыларын дамытудың тиімді құралы. Олар оқу процесін қызықты етіп қана қоймайды, сонымен қатар командалық рухты нығайтуға және сыни ойлауды

дамытуға ықпал етеді. Бұл тарауда клуб мүшелеріне өз дағдыларын дамытуға және пікірсайыста жетістікке жетуге көмектесетін әр түрлі қызмет түрлері қарастырылған.

Ойындар – қатысушыларды ынталандырудың және доспейіл ортаны қалыптастырудың тамаша тәсілі. Олар сәтті пікірсайысқа қажетті аргументация, аналитикалық ойлау және шешендік қабілеттер сияқты әртүрлі дағдыларды дамытуға көмектеседі.

1. «Аргументация құпиясы» ойыны

Мақсаты: Аргументтер мен қарсы аргументтерді тұжырымдау қабілетін дамыту.

Сипаттама: Қатысушылар командаларға бөлінеді және әртүрлі мәлімдемелері бар карталар жинағын алады. Әр команда әр мәлімдеме үшін «оң» және «қарсы» дәлелдер ойлап табуы керек. Содан кейін командалар карточкалармен алмасады және бір-бірінің дәлелдерін бағалайды.

2. «Шеңбердегі пікірсайыс» ойыны

Мақсаты: Дәлелдеу және жылдам ойлау дағдыларын жетілдіру.

Сипаттама: Қатысушылар шеңберге отырады. Ал жүргізуші пікірсайыс тақырыбын белгілейді. Бірінші қатысушы тақырып бойынша мәлімдеме жасайды, келесі қатысушы өз дәлелін қосу арқылы мәлімдемені қабылдауы немесе жоққа шығаруы керек. Ойын барлық қатысушылар өз пікірін ортаға салып болғанға дейін жалғасады.

Дағдыларды жақсартуға арналған жаттығулар

Тұрақты жаттығулар пікірсайысшыларды сәтті дайындаудың негізгі элементі болып табылады. Олар дағдыларды шыңдауға және пікірсайыс кезінде туындауы мүмкін әртүрлі жағдайларға дайындалуға көмектеседі.

1. «Шынайы пікірсайыс» жаттығуы

Мақсаты: Қатысушыларды үлкен аудитория алдында сөйлеуге дайындау.

Сипаттама: Қатысушылар пікірсайыстарды нақты жарыстарға мүмкіндігінше жақын жағдайда өткізеді. Барлық аспектілерді, соның ішінде уақытты, қазылар алқасының жұмысын және залдағы мәселелерді ескеру маңызды.

2. «Пікірсайысшылардың рөлі» жаттығуы

Мақсаты: Пікірсайыста әртүрлі позицияны иелену қабілетін дамыту.

Сипаттама: Қатысушылар топтарға бөлінеді және премьер-министр, оппозиция жетекшісі, сарапшы және т.б. сияқты рөлдерді алады.

Оқу құралы ретінде воркшоптар

Воркшоптар – пікірсайыстың әртүрлі аспектілерін терең зерттеудің тамаша тәсілі. Олар қатысушыларға тәжірибелі жаттықтырушылар мен сарапшылардан білім мен дағдыларды алуға мүмкіндік береді.

1. «Аргументация құрылымы» шеберханасы

Мақсаты: Қатысушыларды логикалық дәйекті дәлелдер құруға үйрету.

Сипаттама: Workshop жүргізушісі тезис, дәлел және қорытынды сияқты дәйектеу құрылымының негіздерін түсіндіреді. Қатысушылар аргументация құру жаттығуларын орындайды және кері байланыс алады.

2. «Шешендік өнер» шеберханасы

Мақсаты: Шешендік дағдылар мен өзіне деген сенімділікті дамыту.

Сипаттама: Воркшоп жүргізушісі дауыс ырғағын, ым-ишараны және мимиканы дамыту бойынша жаттығулар жасайды. Қатысушылар қысқа сөз сөйлейді және жаттықтырушыдан және басқа қатысушылардан кері байланыс алады.

Ойындар, жаттығулар және воркшоптар пікірсайыс клубындағы оқу процесінің ажырамас бөлігі болып саналады. Олар оқуды қызықты етеді, қажетті дағдыларды дамытады және командалық рухты нығайтады. Мұндай іс-шараларды үнемі өткізу клуб қатысушыларына табысты пікірсайысшы болуға және жоғары нәтижелерге қол жеткізуге көмектеседі.

Мақсат қою және есеп беру жиналыстары: жетістіктерді бағалау жүйесінің маңызы

Пікірсайыс клубының сәтті жұмыс істеуі үшін нақты мақсаттар қою және қатысушылардың жетістіктерін үнемі бағалау маңызды. Мақсат қою және есеп беру жиналыстарын өткізу қатысушыларға өз жетістіктерін түсінуге, жақсарту бағыттарын анықтауға және жоғары мотивация деңгейін сақтауға көмектеседі. Бұл тарауда табысты бағалау жүйесінің негізгі аспектілері, соның ішінде ашық ойындар, мұғалімдермен өткізілетін ойындар және барлық мектеп оқушыларына арналған көрме ойындары қарастырылады.

1. Жеке мақсаттар

Мақсаты: Әр қатысушыға жеке дағдыларын дамытуға және алға қойған мақсаттарына жетуге көмектесу.

Әрбір қатысушыға шешендік өнерді, өзіне деген сенімділікті арттыру немесе белгілі бір дәлелдеу техникасын меңгеру сияқты жеке мақсаттар қою ұсынылады. Осы мақсаттарды тәлімгермен немесе жаттықтырушымен үнемі талқылау қатысушыларға прогресті бақылауға және қажетті қолдауды алуға көмектеседі.

2. Командалық мақсаттар

Мақсаты: Клуб мүшелерін біріктіру және олардың күш-жігерін жалпы нәтижеге жетуге бағыттау.

Командалық мақсаттар жарыстарға сәтті қатысуды, ішкі турнирлерді өткізуді немесе мектептің тұтас үшін іс-шараларын ұйымдастыруды қамтуы мүмкін. Барлық қатысушылардың осы мақсаттарды түсінуі және оларға жетуі үшін бірге жұмыс істеуі маңызды.

Табысты бағалау жүйесі

1. Есеп беру жиналыстары

Ай сайын есеп беру жиналыстарын өткізіңіз. Онда клуб мүшелері өздерінің жетістіктерін талқылайды, тәжірибелерімен бөліседі және басқа клуб мүшелері мен жаттықтырушылардан кері байланыс алады. Мұндай кездесулер қатысушыларға өздерінің жетістіктерін көруге және әрі қарай немен жұмыс істеу керектігін түсінуге көмектеседі.

2. Ашық ойындар

Ай сайын барлығы келе алатын ашық ойындар ұйымдастырыңыз. Клуб мүшелері алдын ала дайындалған тақырыптар бойынша пікірсайыс өткізеді. Ал көрермендер сұрақтар қойып, талқылауға қатыса алады. Ашық ойындар қатысушыларға өз дағдыларын жетілдіруге және клубқа жаңа мүшелер тартуға көмектеседі.

3. Жоғары деңгейлі ойыншылармен өткізілетін ойындар

Кәсіби кері байланыс пен дәйектеу, шешендік өнерді шыңдау бойынша кеңестер бере алатын студенттердің қатысуымен ойындар өткізіңіз. Студенттер сонымен қатар төреші ретінде әрекет ете алады, бұл іс-шараға байыптылық пен формальдылық қосады.

4. Мектептің барлық оқушыларымен демонстрациялық ойындар

Барлық оқушылар шақырылатын көрме ойындарын ұйымдастырыңыз. Клуб мүшелері өз дағдылары мен жетістіктерін көрсете отырып, қызықты және өзекті тақырыптар бойынша пікірсайыстар өткізеді. Мұндай іс-шаралар оқушылар арасындағы пікірсайысқа қызығушылықты арттыруға және клубқа жаңа қатысушыларды тартуға көмектеседі.

Мақсат қою және есеп беру жиналыстарын өткізу пікірсайыс клубындағы жетістіктерді бағалау жүйесінің маңызды элементтері болып табылады. Олар қатысушыларға өздерінің жетістіктерін көруге, немен жұмыс істеу керектігін түсінуге және жоғары мотивацияны сақтауға көмектеседі. Ашық ойындар, мұғалімдермен ойындар және барлық оқушыларға арналған көрме ойындары қатысушылардың дағдыларын дамытуға және мектептегі пікірсайыстарды насихаттауға ықпал етеді. Мұндай іс-шараларды үнемі өткізу клуб қатысушыларына жоғары нәтижелерге қол жеткізуге және табысты пікірсайысшыларға айналуға көмектеседі.

5. Ата-аналармен есеп беру жиналыстары

Әр алты ай сайын пікірсайыс клубы қатысушылардың ата-аналарымен есеп беру жиналыстарын өткізуі керек. Бұл кездесулер қорытындылау, қол жеткізілген нәтижелерді талқылау және болашақ іс-шараларды жоспарлау үшін маңызды мүмкіндік саналады. Есеп беру кездесулері кезінде клуб мүшелері өздерінің жетістіктерін айтады, өткен кезеңдегі дағдыларын көрсетеді және пікірсайыстардағы және басқа клубтық іс-шаралардағы жетістіктерімен бөліседі. Ата-аналар сұрақтар қойып, өз тілектерін білдіріп, клуб жұмысы туралы толық ақпарат ала алады. Мұндай кездесулер клуб пен отбасы мүшелері арасындағы байланысты нығайтуға, ашықтық пен қызығушылықты арттыруға, сондай-ақ пікірсайыс клубында балалардың одан әрі дамуы үшін ата-аналардың қолдауын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Қатысушыларды ынталандыру және олардың жетістіктерін тану үшін пікірсайыс клубында марапаттау рәсімдері үнемі (жылына 1-2 рет) өткізілуі мүмкін. Осы іс-шаралар шеңберінде мынадай номинациялар берілетін болады:

1. **«Жылдың үздік пікірсайысшысы»** номинациясы жыл бойы пікірсайыс тақырыптары бойынша үздік шешендік өнерін, логикалық ойлауын және терең білімін көрсеткен қатысушыға беріледі.

2. **«Жыл серпілісі»** номинациясы қысқа уақыт ішінде пікірсайыста өзінің жетістіктері мен дағдыларын дамытқан қатысушыға беріледі.

3. «Үздік спикер» номинациясы көпшілік алдында сөйлеген сөздері, аудиторияны баурап алу және өз көзқарасын тиімді жеткізу қабілеті үшін беріледі.

4. «Үздік **дәйектеуші**» номинациясы аргументтер мен қарсы аргументтерді құруда ерекше қабілетін көрсеткен қатысушыға беріледі.

5. «Жылдың командалық ойыншысы» номинациясы командада ең үздік дағдыларын көрсеткен, клубтың басқа мүшелерін қолдаған және жалпы табысқа үлес қосқан қатысушыға беріледі.

6. «Жыл жаңалығы» номинациясы ортаға тез бейімделіп, пікірсайыста керемет нәтиже көрсеткен клубтың жаңа мүшесіне беріледі.

7. «Клубтың дамуына қосқан үлесі үшін» номинациясы клубты ұйымдастыруға және дамытуға елеулі үлес қосқан, іс-шараларға белсенді қатысқан және басқа қатысушыларға көмектескен клуб мүшесіне беріледі.

8. «Жыл ньюсмейкері» номинациясы клуб жұмысын жақсы қамтыған, контент жасаған және клубтың медиа-жарнамасына үлес қосқан қатысушыға беріледі.

9. «Жылдың үздік ұйымдастырушысы» номинациясы клубтың іс-шараларын ұйымдастыруда және өткізуде ерекше қабілеттерін көрсеткен қатысушыға беріледі.

10. «Жыл тәлімгері» номинациясы клубтың жаңа мүшелеріне қолдау мен көмек көрсеткен, жеке сабақтар өткізген, құнды кеңестер берген клубтың аға мүшесіне беріледі.

Марапаттау рәсімдері жылына екі рет өтеді. Бұл жарты жылдықты қорытындылауға, үздік қатысушыларды атап өтуге және клубтың барлық мүшелерін одан әрі жетістіктерге ынталандыруға мүмкіндік береді.

3-бөлім. Дүниежүзілік мектеп пікірсайыс форматы (WSDF)

Дүниежүзілік мектеп пікірсайыс форматы (WSDF) мектеп оқушылары үшін пікірсайыс технологиясын үйренудің ең тиімді жолы болып саналады. Оның құрылымы мен жүйелілігі қатысушыларға пікірсайыстың негіздерін жақсы түсініп, игеруге көмектеседі. Бұл формат оқушыларға ақпаратты талдауды, дәлелдер мен қарсы дәлелдерді әзірлеуді және түрлі көзқарастарды бағалауды үйретеді. Соның арқасында сыни ойлау қабілеті қалыптасады.

WSDF форматында оқушыларға қажетті түсіністік пен ынтымақтастық қабілетін жетілдіретін командалық жұмысқа мүмкіндік бар. Форматта команда мүшелеріне қатысуға тең мүмкіндік қарастырылған. Бұл – инклюзивтілік пен қызығушылықты қолдаудың белгісі. Сонымен қатар бұл формат білім алу процесіне бағытталған, оқушыларға тек бәсекелестікке емес, тақырыптарды зерттеуге және дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Аталған аспектілер WSDF-ты мектеп оқушыларының жан-жақты дамуы үшін бірегей құрал етеді. Оларды болашақ сынақтарға дайындап, жеке өсуіне ықпал етеді.

Пікірсайысшылар тәжірибе жинақтаған соң, АПФ, БПФ, ЛД сияқты басқа форматтармен де жұмыс істеуге болады.

3.1. Дүниежүзілік мектеп пікірсайыс форматы (WSDF): ережелер мен жалпы мәліметтер

WSDF 1998 жылы Австралияда әзірленген және әлемде кеңінен таралған. Қазіргі кезде пікірсайыс бойынша көптеген мектеп әлем чемпионаттары осы форматта өтеді. Бұл форматты балалардың әр жас санатына бейімдеуге болады. Мысалы, кейбір жарыстарда негізгі сөйлеу ұзақтығы 5-6 минутқа, ал қорытынды сөйлеулер 3 минутқа дейін қысқартылуы мүмкін. Кейбір турнирлерде, әсіресе жаңадан үйреніп жүрген пікірсайысшылар үшін, ақпараттық сұрақтар қойылмайды.

WSDF форматында пікірсайысқа екі команда қатысады: біреуі тақырыпты қолдайды (қолдаушы тарап немесе Жақтаушы), ал екіншісі қарсы шығады (қарсы тарап немесе Даттаушы). Пікірсайыс тақырыбы кез келген мәлімдеме немесе сұрақ болуы мүмкін, ол «Бұл палата» немесе «БП» сөздерінен басталады және оны талқылау қажет. Мысалы, «Бұл палата мектеп формасын киюді барлық оқушыға міндеттеу керек есептейді» немесе «Бұл палата, орта сынып оқушысы ретінде, шахмат үйірмесінің орнына пікірсайыспен айналысуды таңдайды» және т.б.

Командаларға пікірсайыс басталар алдында дәлелдерді дайындау үшін біраз уақыт беріледі. Әр командада бірнеше қатысушы-спикерлер бар, олардың әрқайсысы белгілі бір рөл атқарады. Бірінші спикер негізгі дәлелдерді ұсынады, екінші спикер оларды дамытып, қарсы тараптың дәлелдеріне жауап береді, үшінші спикер қорытынды жасайды. Ең соңғы болып сарапшы ойынды талдап, неліктен жеңіске жеткенін түсіндіріп, дәлелдейді. Команда мүшелері кезекпен сөйлейді: алдымен жақтаушы тараптың бірінші спикері, одан кейін қарсы тараптың бірінші спикері және осылай жалғасады. Бірақ үшінші спикерден кейін қарсы командадан сарапшы шығады. Яғни, ойынды жақтаушы команда бастайды және оны да аяқтайды. Әр спикерге сөйлеу үшін белгілі бір уақыт беріледі. Әдетте, пікірсайыс форматына сай 5-7 минут беріледі және уақыт қатаң бақыланады.

Төмендегі суретте сөз сөйлеу үлгілерін көре аласыз:

Ж – бұл жақтаушы жақ.

Д – бұл даттаушы жақ.

(мына жерге сурет қою қажет)

Әр қатысушы өз сөзінде ұстанымын қолдайтын дәлелдер келтіріп, қарсы тараптың дәлелдерін жоққа шығаруы қажет. Кейбір пікірсайыс форматтарында аудиториядан немесе басқа командалардан сұрақтар қоюға уақыт бөлінеді. Оларға қатысушылар жауап беруі тиіс. Пікірсайыс соңында әр команда қорытынды сөз сөйлеп, талқылаудың нәтижесін шығарады.

Сөйлеу схемасы, сөйлеу уақыты және спикерлердің міндеттері:

Жақтаушы жақтың бірінші спикері – 8 минут: • Пікірсайыс тақырыбының интерпретациясы. • «Дәлелдерді бөлу» – бірінші спикердің қандай дәлелдерді, екінші спикердің қандай дәлелдерді келтіретінін көрсету. • Өз командасының негізгі кейсінің/басым бөлігінің мазмұны. • Сөз сөйлеу барысында қарсыластардың ақпараттық сұраныстарына жауап беру.	Даттаушы жақтың бірінші спикері – 8 минут: • Пікірсайыс тақырыбының өз интерпретациясы. • «Дәлелдерді бөлу» – бірінші спикердің қандай дәлелдерді, екінші спикердің қандай дәлелдерді келтіретінін көрсету. • Өз командасының негізгі кейсінің/басым бөлігінің мазмұны. • Сөз сөйлеу барысында қарсыластардың ақпараттық сұраныстарына жауап беру. • Жақтаушы команданың кейсін жоққа шығару.
Жақтаушы жақтың екінші спикері – 8 минут: • Түйіндемеден бастау: «даудың мән-жайы қандай?» және «мен не істеймін?» • Қарсыластардың дәлелдерін жоққа шығару (уақыттың 40%-ына дейін), команданың жалпы бағытын ұмытпау. • Жаңа дәлелдерді енгізу (уақыттың 60%-ына дейін). • Сөз сөйлеу барысында қарсыластардың ақпараттық сұраныстарына жауап беру. • Жаңа материал енгізбеу – жаңа дәлелдер қолдануға болмайды. Алайда алдыңғы дәлелдерді қайда көтеріп, жаңа мысалдар келтіруге рұқсат.	Даттаушы жақтың екінші спикері – 8 минут: • Түйіндемеден бастау: «даудың мән-жайы қандай?» және «мен не істеймін?» • Қарсыластардың дәлелдерін жоққа шығару (уақыттың 50%-ына дейін), команданың жалпы бағытын ұмытпау. • Жаңа дәлелдерді енгізу (уақыттың 50%-ына дейін). • Сөз сөйлеу барысында қарсыластардың ақпараттық сұраныстарына жауап беру. • Жаңа материал енгізбеу – жаңа дәлелдер қолдануға болмайды. Алайда алдыңғы дәлелдерді қайда көтеріп, жаңа мысалдар келтіруге рұқсат.
Жақтаушы жақтың үшінші спикері – 8 минут:	Даттаушы жақтың үшінші спикері – 8 минут:

• Қарсыластардың дәлелдеріне жауап беру (уақыттың 60–75%–ы). • Команданың бастапқы кейсін қалпына келтіру, команданың жалпы бағытын ұмытпау (уақыттың 25–40%–ы). • Сөз сөйлеу барысында қарсыластардың ақпараттық сұраныстарына жауап беру.	• Қарсыластардың дәлелдеріне жауап беру (уақыттың 60–75%–ы). • Команданың бастапқы кейсін қалпына келтіру, команданың жалпы бағытын ұмытпау (уақыттың 25–40%–ы). • Сөз сөйлеу барысында қарсыластардың ақпараттық сұраныстарына жауап беру.
Жақтаушы жақтың сарапшысы (бірінші немесе екінші спикері) – 4 минут: • Өткен ойынға талдау жасайды. Негізгі қайшылықтар аймағындағы дәлелдердің маңызын салыстырады. Өз командасының ойынының ең жақсы жақтарын көрсетуге тырысады. • Қарсыластардың ақпараттық сұраныстарына жауап бермейді, бұл сөз барысында сұрақтар қойылмайды. • Жақтаушы және даттаушы жақтың сөзі (орындары ауысады): алдымен даттаушы жақтың спикері сөйлейді, ойынды жақтаушы жақтың спикері аяқтайды.	Даттаушы жақтың сарапшысы (бірінші немесе екінші спикері) – 4 минут: • Өткен ойынға талдау жасайды. Негізгі қайшылықтар аймағындағы дәлелдердің маңызын салыстырады. Өз командасының ойынының ең жақсы жақтарын көрсетуге тырысады. • Қарсыластардың ақпараттық сұраныстарына жауап бермейді, бұл сөз барысында сұрақтар қойылмайды. • Жақтаушы және даттаушы жақтың сөзі (орындары ауысады): алдымен даттаушы жақтың спикері сөйлейді, ойынды жақтаушы жақтың спикері аяқтайды.

Әр команда аудиторияны өз аргументтерінің қарсыластарынан артық екеніне сендіруі керек. Ол үшін команда негізді логикалық дәлелдер ұсынуы қажет. Дайын аргументті жүйелеп, маңызды тұстарын анықтауға міндетті. Тыңдаушыны ұйытып, сендіру үшін сөз саптауға да көңіл бөлу қажет. Осы аталған пікірсайыстың үш аспектісі де ерекше маңызға ие.

Кейс құрылымы

Кейс – бұл пікірсайыста өз позицияңызды қорғау үшін қолданылатын материалдар жиынтығы. Басқаша айтқанда, кейс – бұл сіздің сөзіңіздің барысында қолданатын конструктивті материалдың барлығы.

Кейс «қарарды талдаудан» басталады.

Қарарды талдау:

- Қарар түрін анықтау;
- Қарардағы әр сөздің мағынасын ұғыну;
- Сөздерге анықтама беру.

Қарарды талдағаннан кейін, оған өз тарапымыздан «фрейминг» енгіземіз.

Фрейминг – ойын шекарасын белгілеу. Яғни мәселені қалай қарастыратынындай айқындау, қарарда талқыланатын акторды/акторларды көрсету, сипаттама беру және олардың мүдделерін анықтау.

Ойын алаңын анықтағаннан кейін, өз «аргументтерімізді» ұсынуымыз керек.

Аргумент – бұл белгілі бір тараптың (үкіметтің/оппозицияның) пікірін білдіретін толық түсіндірілген ой, пікір. Кейс жасау барысында кейсті күшейту үшін қосымша материалдар (фактілер, мысалдар) қосуға болады. Мысалы, көп жағдайда аргументтерді дәлелдеу және теріске шығару үшін әртүрлі фактілер мен мысалдар келтіріледі.

Аргументтің дәлелденгенін бағалау критерийлері:

1. Релеванттық – аргументтің қарарға және сіздің позицияңызға қатыстылығы. Егер қарар Қазақстанның әл-ауқаты туралы мәселені көтерсе, ал сіз Африкадағы кедейлік туралы айтсаңыз, онда бұл аргумент релевантты емес және сіз осы раундта жеңіліп қалуыңыз мүмкін.
2. Дәлелдеу – аргументтің орындалу механизмін түсіндіру, орындалу барысында туындайтын мәселелерді түсіндіру. Оны кім орындайды? Қалай орындайды? Сіз айтып отырған актор осы міндеттерді орындауға қабілетті ме?
3. Шынайылық – сіздің аргументіңіздің шын өмірдегі жарамдылығын дәлелдеу.
4. Маңыздылық – дәл осы ойында аргументіңіздің, шешімдеріңіздің, акторларыңыздың маңызды болуы.

Фактілер, мысалдар және статистика пікірсайыста негізгі рөл атқарады. Аргументті анағұрлым сенімді етіп, спикерлердің пікірін нығайтады. Пікірсайыста статистикалық деректер, тарихи прецеденттер, ғылыми зерттеулер мен сарапшылардың пікірі факт ретінде қарастырылады.

Мысалдарға тоқталайық. Абстрактілі ұғымдарды нақты өмірден немесе әдебиеттен алынған мысалдармен көрсетіп, аргументтерді аудиторияға қолжетімді және түсінікті етеді. Мысалы, денсаулық сақтау саясаты туралы пікірсайыста әртүрлі елдердегі ауру жұқтырғандар саны бойынша статистиканы пайдаланып, пандемиямен күресудің әртүрлі тәсілдерінің тиімділігін дәлелдеуге болады немесе елдің денсаулық сақтау жүйесін реформалаудың ұтымды

мысалын атап өтуге болады. Алайда олар да шынайы және логикалық дәлелденген болуы керек.

Мысалы, Пандемия кезінде Солтүстік Кореяда коронавирус жұқтырған адамдар жайлы бірде-бір дерек тіркелмеген. Бұл – факт. Ал қарсыластарыңыз сол жерде ауырған кісілер болғанын, алайда жүйенің жабықтығынан үкімет нақты деректерді жарияламағанын айтып, қарсылық білдіруі мүмкін. Сондықтан аргументтерді қолдау үшін келтіретін фактілерге абай болу қажет.

Аргументтердің негізгі түрлері:

1. **Практикалық аргумент** – белгілі бір жақсы/жаман нәтижені, қоғамдық өзгерісті дәлелдеу.
2. **Принциптік аргумент** – белгілі бір моральдық, адамгершілік құндылықтарды сақтау/бұзуды, құқықтарды сақтау/шектеуді түсіндіретін дәлелдер.

Төрешілік

Пікірсайысты бір немесе бірнеше төреші бағалайды, бірақ міндетті түрде тақ сан болуы керек. Әр төреші жеке шешім қабылдайды.

Пікірсайыс аяқталғаннан кейін төрешілер ауызша кері байланыс береді. Олар шешімдерін ашып, бір команданың неге жеңіп, екінші команданың неге жеңілгенін түсіндіреді. Төрешілер шешімді үш элементтен тұратын бағалау жүйесіне қарап қабылдайды.

Шешім шығаруға арналған бағалау жүйесі:

Контент (40%)	Стиль (40%)	Стратегия (20%)
– Құрылымдық материалдың, ондағы аргументтер, теріске шығарулардың сапасы, сұрақтар мен жауаптардың сапасы кіреді.	– Контент көрінісі; – сөз талғаудағы жылдамдық пен тапқырлық; – анықтық; – дене тілі; – Сөзіңізден кейін жағымды әсер қалу керек.	– Жеңіске жету үшін стратегия қажет; – Қарарды түсіндіру және анықтау; – Басымдықты анықтау; Уақытты тең бөлу; – Құрылым; – Өзара байланыс; – Сұрақ қабылдау.
– Талдаудың маңызы (логикалық тізбектер, жүйелілік → тезис, интерпретация, мысал,	Жиі кездесетін қателіктер: – Екіұштылық;	

қорытынды). Мысалдардың сапасы.	– Өте қатты/өте ақырын сөйлеу;	
– Әлсіз аргументтер немесе теріске шығарулар → жалпы әлсіз контент.	– Өте жылдам/өте баяу сөйлеу.	

Спикерлік ұпайлар:

Стандарт	Жалпы (/100)	Стиль (/40)	Контент (/40)	Стратегия (/20)
Идеал	80	32	32	16
Ең жақсы	76–79	31	31	15–16
Өте жақсы	74–75	30	30	15
Жақсы	71–73	29	29	14–15
Орташа	70	28	28	14
Ортадан төмен	67–69	27	27	13–14
Әлсіз	65–66	26	26	13
Өте әлсіз	61–64	25	25	12–13
Жақсартуды қажет етеді	60	24	24	12

Мазмұн/Аргументтер

Мазмұн, сөйлеу стиліне қарамастан, барлық қолданылған аргументтерді қамтиды. Бұл – төреші аргументтерді қабылдаған кезде айтқанды естігендей емес, жазған оқығандай болады деген сөз. Төреші аргументтерді бағалау кезінде спикер шеберлігіне тамсанудан аулақ болуы қажет. Мұндай жағдайда оратордың қалай айтқаны ғана емес, не айтқаны да маңызды болады.

Сонымен қатар мазмұн аргументтерді жоққа шығарудың немесе салыстырудың маңыздылығын бағалауды қамтиды. Ал бағалау орташа ақылды адам көзқарасы тұрғысынан жасалу қажет. Төрешінің міндеті – қарсы команда оны жоққа шығара ала ма, жоқ па дегенге қарамастан, аргументтің күшін

бағалау. Егер команда әлсіз аргумент ұсынса, мазмұнына сай төмен ұпай алады. Бұл тұста қарсы тараптың оны жоққа шығару-шығармауы қарастырылмайды да.

Стиль

Сөйлеуші стилі деген кезімізде, әңгіме оның сөз саптауы мен мәнері жайында екенін түсінген жөн. Сильді әртүрлі әдіс-тәсілді қолданып, сөйлеушінің өзіне тән ерекшеліктерін жетілдіріп, түрлі терминологияны пайдаланып қалыптастыруға болады. Мына стиль ең жақсысы деп айта алмаймыз. Әркімнің өзіндік ерекшелігі болады. Бүкіл әлемдік форматтың басқа форматтардан негізгі айырмашылықтарының бірі, мұнда стильге де назар аударылады.

Стратегия

Стратегия екі негізгі ұғымды қамтиды: сөйлеу құрылымы мен ұзақтығы, сондай-ақ спикердің дебат барысында талқыланған мәселелерді түсінуі.

Сауатты сөздің кіріспесі анық, негізгі және қорытынды бөлімдері жинақы келеді. Оратордың неден бастап қайда бет алғанын айқын көруге болады. Мұндайда аргументтер де логикалық тізбекті сақтап, жүйелі түрде ыңғайласып тармақталады. Бұл үкіметтің ұстанымын білдіретін бірінші спикерге де, даттаушы, үшінші спикерге де қатысты. Сол себепті сөйлеу құрылымының сақталуын стратегияның негізгі компоненттерінің бірі деп білеміз.

Неліктен әлемнің түкпір-түкпіріндегі пікірсайысшылар бұл форматты қолдайды?

- Формат шектеулерден мейлінше ада. Керісінше шығармашылыққа, тапқырлыққа және сыни ойлауды дамытуға көбірек мүмкіндіктер береді.
- Сұрақ-жауап раундының болмауы (сондай-ақ команда стратегиясын құруға уақыт беру) және қарсыластардың сөзіне «ақпарат нүктесін» қосу дебатты шынайы шиеленіске жақындатады. Қатысушыларды үнемі эмоционалды және зияткерлік бәсекелес күйде ұстайды. Оппозицияның ескертулеріне жылдам жауап беруге бейімдейді.
- Судьялық хаттамаларда спикер сөзінің мазмұны мен сөйлеу стиліне бірдей мән беріледі. Сондықтан қолдаушы пікірдің санынан гөрі сапасы маңызды.

Форматтардың салыстырмалы кестесі

Әлемдік мектеп форматы	Карл Поппер форматы	Американдық Парламенттік формат	Британдық Парламенттік формат
Әлемдік мектеп форматында әр команданың 3 спикері болады және әрқайсысы	Екі спикер 6 минут сөйлейді, Екі спикер 5 минут сөйлейді, ал сараптама	Үкіметтің құрылымдық сөзіне 15 минут және сараптама сөзіне 5 минут	Әр командада 2 спикерден, әрқайсысының 8 минуттық сөзі бар.

8 минуттан сөйлейді. Бұл құрылым оларға конструктивті сөздерге және әр командадан сарапшы сөздеріне (әрқайсысы 4 минуттан) көбірек уақыт бөлуге мүмкіндік береді.	сөздері 5 минут болады.	беріледі, оппозицияның құрылымдық сөзіне 16 минут және сарапшы сөзіне 5 минут беріледі.	
Әлемдік мектеп форматындағы соңғы сөздер "орындарымен ауысады": алдымен даттаушы тараптың спикері сөйлейді, ойынды жақтаушы тараптың спикері аяқтайды.	Соңғы сөздер "орындарымен ауысады": алдымен даттаушы тараптың спикері сөйлейді, ойынды жақтаушы тараптың спикері аяқтайды.	Соңғы спикерлер де орындарымен ауысады.	Соңғы спикерлер орындарымен ауыспайды.
Ойында тек 2 команда болады.	Ойында тек 2 команда болады.	Ойынға тек 2 команда қатысады.	Ойында 4 команда болады, жабылатын үстелдер де бар, бұл ойынды қиындатады.
WSDC форматында ойын стилі бағаланады, яғни спикерлердің сөйлесу мәнері жеке бағаланады.	Құрылымдық бөлім бағаланады, сонымен қатар ораторлық дағдылар (сөйлеу мәнері, мимика, ым–ишара, залмен байланыс және т.б.) бағаланады.	Тек құрылымдық бөлім бағаланады.	Тек құрылымдық бөлім бағаланады.

Бұл форматта тайм–ауттар мен айқаспалы сұрақтар болмайды.	Үшінші спикердің қарсы жақтың бірінші спикеріне сұрақтары бар.		
Командада 3–тен 5–ке дейін ойыншы болуы мүмкін. Раундта 3 ойыншы қатысады, қалған 2 ойыншы резервте қалады.	Әр командада 3 ойыншы	Әр командада 2 ойыншы.	Әр командада 2 ойыншы
Кейс пікірсайыс өрісін анықтаудан, аргументациядан, терістеуден және салыстырудан тұрады. Аргументтердің логикалық тізбегі үлкен рөл атқарады.	Кейс философиядан, мақсаттарға жету критерийлерінен, аргументтерден және қолдау фактілерінен тұрады. Фактілер мен статистикаға үлкен мән беріледі.	Аргументтер аз формализденген болуы мүмкін, үлкен назар сендіру және риторикаға бөлінеді.	Қарарды талдау, фрейминг, аргументтер, жауаптар және салыстырудан тұратын кейс. Логикалық аргументтер фактілерге қарағанда үлкен маңызға ие.

Қорытынды

Қазіргі пікірсайыс – бұл тек аргумент пен шешендік өнер сайысы ғана емес, бұл тұлғаны тәрбиелеу мен қалыптастырудың қуатты құралы. Қазақстандағы пікірсайыс клубтары ұзақ тарихы мен мемлекеттің қолдауына қарамастан, тұрақты дамытуды қажет етеді. Бұл нұсқаулықтың басты мақсаты техникалық оқыту шеңберінен шығару және олардың тәрбиелік функциясын күшейту.

Бұл әдістемелік құрал пікірсайыс клубтарының жетекшілеріне оқушыларды тәрбиелеу мен дамытуға бағытталған жұмысын тиімдірек етуге көмектесуге арналған. Пікірсайыс клубтары әр оқушы өзін қоуымдастықтың бір бөлігі ретінде сезінетін, қолдау тауып, өз дағдылары мен құндылықтарын дамыта алатын ашық алаңға айналуы керек.

Көрсетілген ұсыныстарды орындай отырып, жетекшілер пікірсайыс дағдыларын дамытып қана қоймай, қоғамның дамуына үлес қосуға ынталы азаматтарды тәрбиелейтін пікірсайыс клубын құра алады.

Сонымен қатар нұсқаулықта мектеп оқушыларының пікірсайыс клубтарымен қамтылуын арттыру бойынша көптеген тәжірибелік кеңестер бар. Бұл ретте әкімшілік-императивті әдістердің орнына оқушылардың қызығушылығын органикалық түрде арттыруға бағытталған жұмыс нысандары мен әдістеріне басымдылық беріледі.

Нұсқаулықтың бүтін бір тарауы Бүкіләлемдік мектеп пікірсайыс форматының (WSDF) ережелері мен қағидаттарына арналған. Әлемдегі бүкіл пікірсайыс чемпионаттары осы форматта өткізіліп жатса да, Қазақстанда енді ғана дамып жатыр. Жаңа форматтың басты артықшылығы – оның қарапайымдылығы және жаспікірсайысшылар үшін түсініктілігі. АПФ, БПФ секілді біздің елде кең тараған әрі біршама білім қорын қажет ететін форматтарға қарағанда, WSDF пікірсайыс негіздерін тез меңгеруге мүмкіндік береді және оқушыларды үздіксіз жаңа білім алуға ынталандырады.

Дүниежүзілік мектеп пікірсайыс форматы дәлелдеу, сыни ойлау және көпшілік алдында сөйлеу секілді негізгі дағдыларға бағытталған. Бұл артықшылықтары оны ұтымды тәжірибе алаңы әрі болашақ қадамдардың бастауы ретінде танытады.

Осы форматты игере отырып, оқушылар дағдыларды ғана емес, маңызды өмірлік құндылықтарды да игереді. Есейе келе, шарттары басқа әрі жас ерекшелігіне сай күрделірек форматтарға ауысуға болады.

Қазіргі пікірсайыс клубтары жаңа тәсілдермен жұмыс істеуі керек. Негізгі міндеттердің бірі – клубтар мен олардың мүшелерінің дербестігін арттыру. Бұл пікірсайыс клубтары жетекшілерден тәуелсіз болуы керек және мүмкіндігінше өзін-өзі басқаруға бағытталуы қажет дегенді білдіреді. Бұл тұрғыда әр оқушыға өзінің маңыздылығы мен жауапкершілігін сезінуге мүмкіндік беретін рөлдер мен лауазымдарды қатысушылар арасында үлестіру үлкен маңызға ие. Медиа үйлестіруші, іс-шаралар үйлестірушісі және басқа да рөлдерді енгізу балалардың көшбасшылық қабілеттері мен ұйымдастырушылық дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Пікірсайыс клубтары қоғамның бір бөлігі ретінде қызмет жасауы тиіс. Нақтырақ айтсақ, әр оқушы жеке өсу үшін қолдау мен мүмкіндіктер таба алатын қауымдастыққа айналуы қажет. Пікірсайыс өзара әрекеттесу мен пікір алмасудың бір түрі ретінде қоғамдық сананы қалыптастырады және оқушыларды ересек өмірге дайындаудың қуатты құралы бола алады.

Осылайша пікірсайыс клубтарын қайта құру арқылы олардың құрылымы мен әдістерін ғана емес, тәрбие мен білім беру тәсілін де қайта қарастырамыз. Пікірсайыс клубтары балаларға тек пікірсайысты үйретпеу қажет, өйткені олардан тұлға қалыптастыру одан да маңызды шаруа. Дүниежүзілік мектеп пікірсайыс форматын алғашқы кезеңде қолдану және кейінірек күрделірек

форматтарға көшу оқушылардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етіп, үлгілі тәрбие мақсатына қол жеткізуге септігін тигізеді. Сонымен бірге пікірсайыстың жаппай қозғалыс ретінде сақталып, қауымдастық сыпатында дамуына жол ашады.

Пікірсайысшының глоссарийі

1. **Қарар** – Пікірсайыста талқыланатын тақырып немесе тұжырым.
2. **Пропозиция** – Қарарды қолдайтын және "жақтаушы" команда.
3. **Оппозиция** – Қарарға қарсы немесе "даттаушы" команда.
4. **Спикер** – Пікірсайысқа қатысушы, сөз сөйлеуші. Әдетте әр командада үш спикер болады.
5. **Кейс** – Команданың қарарды қолдау немесе жоққа шығару үшін ұсынған дәлелдер мен аргументтер жиынтығы.
6. **Дефиниция** – Қарарға қатысты бір сөздің немесе ұғымның қысқаша және нақты түсіндірмесі.
7. **Фрейминг** – пікірсайыста шешім қабылдауға негіз болатын ақпараттық өріс, ол актордың мақсаттарын және мәселенің сипаттамасын қамтиды.
8. **Импакт** – Аргументтің салдары.
9. **Статус-Куо** – Қазіргі жағдай.
10. **Статус-фьючер** – Болашақтағы жағдай.
11. **POI (Point of Information)** – Спикерге қарсы тараптан қойылатын сұрақ немесе мәлімдеме.
12. **ТЭБ** – Турнирде ойнайтын командалардың тізімі.
13. **Спикерлік ұпай** – Төрешінің сөз сөйлеуді бағалаған кезде берген жеке ұпай саны.
14. **Тайм кипер** – Қатысушылардың сөз сөйлеу уақытын қадағалап, уақыттың аяқталуға жақындағанын хабарлайтын адам.
15. **Сплит** – Төрешілер панелінің бірыңғай шешімге келмеуі және шешімнің көпшілік дауыспен қабылдануы.
16. **Эквити-офицер** – Турнирдегі тәртіпті сақтау үшін жауапты адам.
17. **ГС-коллегия** – Турнирдің негізгі төрешілері. Әдетте олар төрешілер тізімін және қарарларды дайындайды.
18. **ГОК** (Турнирді ұйымдастырушы басты тұлға) – Турнирдің ұйымдастырушылық мәселелеріне жауапты адам, аудитория және қатысушылардың тұру жағдайларын бақылайды.
19. **ЗГС** (Басты төрешінің орынбасары) – Бас төрешінің көмекшісі және оның міндеттерін атқаратын адам.
20. **Панель судей** (Төрешілер тобы) – Пікірсайысты бірлесіп бағалайтын және жеңімпазды анықтайтын төрешілер тобы.
21. **Чеир** – Раундтағы бас төреші, оның дауыс беру құқығы 1.5 дауысқа тең.
22. **Винг** (Қосымша төреші) – Бас төрешіге көмек көрсететін қосымша төреші.
23. **Трейни** (Тәжірибелі төрешінің көмекшісі) – Вингтен төмен дәрежедегі төреші, дауыс беру құқығы жоқ, бірақ төрешілердің шешім қабылдау процесіне қатысады; әдетте жаңадан бастаушыларға беріледі.

24. **Фидбэк** (Кері байланыс) – Төрешінің өткен ойын(раунд) бойынша беретін кері байланысы. Әдетте ол ұсыныс, сын немесе пікір болуы мүмкін.
25. **Ранги** (Орындар) – Раундтағы командалардың немесе қатысушылардың орындары. Кей форматта жеңімпаз және жеңілген тарап делінсе, басқаларында орын рангтар арқылы белгіленеді.
26. **Рум** (Ойын өтетін орын) – Дебат немесе турнирлер өтетін бөлме немесе зал.
27. **Расширение** (Кеңейту) – термин Британ парламенттік форматында қолданылады. Мысалы, жабушы үстел ашушы үстелдің кейсін кеңейтуге тиіс.
28. **Отборочные раунды** (Іріктеу ойындары) – Турнирдің алғашқы раундтары, барлық командалар қатысады және нәтижелер бойынша келесі кезеңдерге өтеді.
29. **Брейковые раунды** (Ақырғы кезең/Брейк) – Турнирдің финалдық бөлігі, онда ең көп ұпай жинаған командалар қатысады.
30. **Открытые раунды** (Ашық раундтар) – Төрешілер шешімді ашық түрде жария ететін және кері байланыс жасайтын раундтар.
31. **Закрытые раунды** (Жабық раундтар) – Шешім жарияланбайтын раундтар, әдетте турнирдің соңғы кезеңдерінде интригаларды сақтау үшін қолданылады.
32. **Шит румы** (Төмен ұпайлы румдар) – Ұпайлары ең аз командалардың ойнайтын румдары.
33. **Джедайский турнир** (Джедай турнирі) – Бір тәжірибелі және бір жаңа бастап келе жатқан ойыншыдан құралған командалар қатысатын турнир.
34. **Линия аргументации** (Аргументация желісі) – Команданың позициясын қолдайтын логикалық тұжырымдар мен дәлелдер тізбегі.

Пайдаланылған әдебиеттер мен қосымша пікірсайыс әдебиеттерінің тізімі:

1. **Austin J. Freeley, David L. Steinberg** - "Argumentation and Debate: Critical Thinking for Reasoned Decision Making" (13th Edition). Cengage Learning, 2013.

(WSDF) Дүниежүзілік мектеп пікірсайыс форматы бойынша пайдаланылған әдебиеттер:

1. **Christopher Jones, Richard Mabey** - "World Schools Debate: A Practical Guide." International Debate Education Association, 2011.
2. **Simon Quinn** - "Debating in the World Schools Style: A Guide." International Debate Education Association, 2009.
3. **David Zarefsky** - "Argumentation: The Study of Effective Reasoning." Teaching Company, 2005.

4. **Steven D. Levitt, Stephen J. Dubner** - "Фриканомика: Экономист-рассказчик исследует скрытые стороны всего на свете." АСТ, 2005.